

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ЖУРНАЛ**

**ULAGATTY
USTAZ**

**ҚР Оқу-ағарту министрлігі
№ 514 бұйрықпен бекітілген**

Қыркүйек айы 2025 жыл | № 09 (47)

**Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым**

МББ аты: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Ulagatty Ustaz» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»
жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Астана қаласы Қазақстан Республикасының

Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 ақпандағы

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік
Басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ51VPY00117354 берілген.

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Ulagatty Ustaz» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2025 жыл Телефон: 8 777 087 6843

ӘЛЕМДІК ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ





ТУНГУШБАЕВА МАРИНА АКИЛБЕКОВНА

Түркістан облысы Шардара ауданы


№16 колледждің қазақ тілі және әдебиет пәнінің оқытушысы

Сабақ жоспары

| | | |
|--|--|----------------|
| Бөлім: Экология: ядролық және мұнай өндірістері. | Мектеп: | |
| Күні : | Мұғалім: | |
| Сынып: 11 ЖМБ | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспағандар: |
| Сабақтың тақырыбы: | Әлемдік экология мәселелері | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары | 11.1.2.1 - мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.3.4.1 - оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу; | |
| Сабақ мақсаты: | Әлемдік экология мәселелері тақырыбындағы тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау, оқылым мәтіні бойынша конспектілеу арқылы негізгі ақпаратты іріктеу. | |
| Бағалау критерийлері: | <ul style="list-style-type: none"> ✓ мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды анықтайды; ✓ тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдайды; ✓ тақырыпқа сай ұсынылған оқылым мәтінін конспектілеу арқылы ондағы негізгі ақпараттарды тауып іріктей алады. | |
| Ойлау дағдыларының деңгейі | Білу, түсіну | |
| Құндылықтарды дарыту | <i>Зайырлы қоғам және жоғары руханият(3-құндылық)</i> | |
| Пәнаралық байланыс: | биология, география | |
| Тілдік мақсаттар: | Оқушылар: Қазақстандағы радиациялық жағдай тақырыбына қатысты | |

| | | | |
|---------------------------------------|--|---|---|
| | терминологияларды меңгереді. | | |
| Осыған дейін меңгерілген білім | Мәңгілік ел құндылығы. | | |
| Жоспар | | | |
| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау |
| Сабақтың басы | <p>1.Ұйымдастыру кезеңі. Жағымды психологиялық ахуал туғызу. Оқушылармен бірге тұрып “Шағтық шеңберін” құру. Сабаққа байланысты бір-біріне ақ тілектерін жеткізу.</p> <p>2.Топтастыру: Суреттер арқылы 4 топқа топтасады, суреттердің мәнін аша отырып тақырыпты болжайды. «Ой қозғау» әдісі арқылы топқа мына сұрақтар қойылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Берілген суреттерді не байланыстырады? • Осы суреттер қандай идея береді?  <p>Қызығушылықты ояту. Сыныппен орындалады. «Суреттерді сөйлет». Суреттер арқылы зерттеу сұрақтарына жауап бер.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Суреттерді біріктіретін идея қандай? - Қандай мәселені көруге болады? - Шешімі бар мәселе ме? - Қандай шешім ұсынар едің? <p>Оқушылардың жауаптары тыңдалғаннан кейін сабақтың тақырыбы, мақсаты хабарланады. Бағалау критерийі талқыланады.</p> | <p>Оқушылар сәлемдеседі.</p> <p>«Ой қозғау» әдісі арқылы сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Суреттер арқылы зерттеу сұрақтарына жауап бер.</p> | <p>Қалыптастырушы бағалаулар</p> <p>ҚБ «Екі жылдыз, бір тілек»</p>  |
| Сабақтың ортасы |  <p>ЖАЗЫЛЫМ АЛДЫ. Оқушыларға тақырыпқа қатысты сұрақ қойылады. «Еркін</p> | <p>Оқушылар сұраққа қатысты ойын білдіреді.</p> | <p>ҚБ</p>  |

| | | | |
|--|---|---|-----------|
| | <p>микрофон» әдісі. Оқушылар сұраққа қатысты ойын білдіреді.</p> <p>➤ «Экология» терминінің білдіретін мағынасы қандай?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Әлемдік экология мәселелері дегеніміз не? <p>Келесі тапсырмаларды орындауда басшылыққа ал!</p> <p>II. ЖАЗЫЛЫМ ТАПСЫРМАСЫ</p> <p>3-тапсырма(оқылым мәтіні). «Ғаламдық экологиялық жағдай» тақырыбындағы мәтінді оқы. Тапсырма нұсқаулығын басшылыққа алып, мәтінмен жұмыс істе.</p> <p>Жазған конспектінді тағы бір қайталап оқы. Автор идеясын білдіретін сөздердің астын сыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> - алынған ақпаратты барынша қысқа беру үшін лексикалық, грамматикалық бірліктерді дұрыс таңдай білу. Мысалы: - қайталауларды жалпылауыш сөздермен алмастыру; - сөздерді синонимдермен алмастыру; - бірнеше жай сөйлемді бір құрмалас сөйлемге немесе құрмалас сөйлемдерді жай сөйлемдерге айналдыру. <p>Дескрипторлар: мәтінді оқиды, негізгі ақпараттарды табады; негізгі, қосымша ақпараттарды ажыратады, конспектілейді; негізгі ақпараттарды жазып алады; автор идеясын білдіретін сөздер мен тіркестердің астын сызады.</p> <p>ЖАЗЫЛЫМНАН KEЙІН. Жазылымнан кейінгі тапсырма 5-қадам. «Адамзат радиациялық ластанудың құрбаны болып кете бере ме?» деген тақырыпта 3 минуттық эссе жазады.</p> <p>Дескрипторлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тақырыпты ашады; • құрылымын сақтайды; • 3 минуттық эссе жазады. | <p>Тапсырма</p> <p>а</p> <p>нұсқаулығын басшылыққа алып, мәтінмен жұмыс істе.</p> <p>«Адамзат радиациялық ластанудың құрбаны болып кете бере ме?» деген тақырыпта 3 минуттық эссе жазады.</p> | <p>ҚБ</p> |
|--|---|---|-----------|

| | | | |
|--|--|------------------------------|---|
| | ҚБ | |  |
| Сабақтың соңы 2 мин | Рефлексия: Не қиын болды? Не ұнады? Қандай жаңа мәлімет алдыңдар? Сабақта кім ерекше белсенді болды? Сабақтан алған әсерлерін 2 жұлдыз, 1 тілек әдісімен бағалайды. | | |
| Қосымша ақпарат | | | |
| Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз? | Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз? | Қауіпсіздік ережелері | |
| Ойлану Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен? | Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз. | | |
| Жалпы баға Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (сабақ беру және оқытуға қатысты)? 1. 2. Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым? | | | |

ҒАРЫШКЕР КҮНІ

ЕСЕКЕЕВА ЖАДЫРА АЛМАСҚЫЗЫ Қызылорда облысы Қармақшы ауданы, Төретап кенті

Тобы: «Қарлығаш» ересек тобы

Білім беру саласы: Әлеумет

Оқу қызметі: Қоршаған ортамен танысу.

Тақырыбы: «Ғарышкерлер күні»

Мақсаты: Балаларға ғарыш, ғарышкер туралы түсінік беру. Күнделікті өмірмен тығыз ұштастыра отырып балалардың ой қиялын дамыту, сөздік қорын, тілін байыту, қызығушылықтарын арттырып, Отанын, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Зымыран, ұшқыш, планета.

Билингвальды компонент: Ғарыш-космос

Көрнекі құралдар: Зымыран, ғарышкерлердің суреттері.

Жылулық шеңбері:

Арайлап таң атты

Алтын сәуле таратты

Жарқырайды даламыз

Жайнай түссін қаламыз

Қайырлы таң, балалар!

Қайырлы таң, апай!

Тәрбиеші: - Балалар, біз қай ғаламшарда өмір сүріп жатырмыз?

Балалар: - Жер - біздің тұрып жатқан мекеніміз, ортақ үйіміз.

Тәрбиеші: Ал жоғарыда біздің үстімізде не бар?

- Балалар, сендер түнгі аспанды көрдіңдер ме?

- Сендерге ұнай ма?

Балалардың жауаптары.

Тәрбиеші: Маған да ұнайды. Түнгі аспан әдемі, сиқырлы сияқты. Қалай ойлайсындар жұлдыз деген не? Олар неге ұқсайды? (*Балалардың жауабы*)

Тәрбиеші: Дұрыс, балалар, біз жұлдыздарға қарағанда олар кішкентай ұсақ болып көрінеді. Өйткені олар өте биік жоғарыда орналасқан. Жарайсындар!

(Есік қағылып, хат тасушы хат әкеліп береді)

Тәрбиеші: Балалар, қарандаршы бізге хат келіпті, қане оқып көрейін ішінде не жазылған екен?

- Міне, қызық хаттың ішінде жұмбақтар бар екен, жұмбақтың жауабын тауып көреміз бе?

Жұмбақтар:

Таңмен көзін ашады,

Әлемге нұрын шашады. (Күн)

Күндіз бәрі қашады,

Түнде аспанды басады. (Жұлдыз)

Ұшады қанатсыз

Зырлайды аяқсыз (Зымыран)

Көлде жүрген ақ үйрек,

Түнде бар да, күндіз жоқ. (Ай)

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар! Олай болса балалар зымыран, күн, жұлдыз, ай барлығы қайда

орналасқан?

Балалар: Аспан әлемінде.

Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі біздің сабағымыз өте қызықты болмақ, өйткені біз аспан әлемі, ғарыш туралы әңгімелесетін боламыз. Жерді қоршаған бүкіл дүние – Ғарыш деп аталады екен, Ғарыш әлемі кең байтақ! Оны адамзат әлі толығымен зерттеп болған жоқ.

Тәрбиеші: Ал ғарышқа кімдер ұшады?

Балалар: Ғарышкер

Тәрбиеші: -Дұрыс айтасындар, балалар! Ғарыш әлеміне ұшатын, оны зерттейтін адамдарды ғарышкер дейміз. Мына суретте ең алғаш ғарышқа ұшқан адам. Ол Кеңес Одағының батыры Юрий Гагарин. Ол 1961 жылы 12 сәуірде алғаш ғарышқа ұшты. Сол күннен бастап 12 сәуір «Ғарышкерлер күні» деп аталады. Осы ұзақ уақыт ішінде ғарышкерлер ғарышқа ұшып, көптеген зерттеулер жасады. Солардың ішінде біздің қазақ еліміздің ғарышкерлері де бар. Ғарышқа ұшқан қазақ батыр ағаларымыз Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев. Біздің Талдықорған қаласының, Өтенай ауылының тұрғыны, жерлесіміз Айдын Айымбетов ағамыз да Қазақстан ғарышкері, халық қаһарманы. (суреттері көрсетіледі)

Тәрбиеші: Балалар ғарышкер болу үшін қандай болу керек?

Балалар: Денсаулығы мықты, өзі батыл, әрі білімді болуы керек.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар, балалар!

Дидактикалық ойын: «Ұшты-ұшты» ойыны

Тәрбиеші: Балалар, ғарышқа ұшу үшін қандай көлік керек?

Балалар: Зымыран

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар, «зымыран» қажет. Зымыран ұшатын жерді «ғарыш айлағы» деп атайды. Ғарыш айлағы біздің Қазақстанда Байқоңыр қаласында орналасқан. Барлық зымырандар осы қалада орналасқан ғарыш айлағынан ұшады.

Билингвальды компонент: Ғарыш-космос

Дидактикалық ойын: «Жұлдызды аспан әлемі»

Ойын шарты: балалардың алдына аспанда болатын және жерде болатын денелердің арасынан тек аспанда болатын денелерді табу. Мысалы: гүл жерде, ай аспанда т.б.

Сұрақ-жауап арқылы ұйымдастырылған оқу қызметін пысықтау.

-Ғарышкер деген кім?

-Қазақ елінен ұшқан ғарышкерлер кімдер?

-Балалар бүгін сендер сабаққа жақсы қатыстындар.

Мақтау мадақтау.

- **Күтілетін нәтиже:**

Біледі: Зымыранды білу керек

Игереді: Ғарыш, зымыран түсінік болу керек

Меңгерді: Балалар Отанын елін, жерін сүйуге

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

КАЗТУРГАНОВА БАЙРАМГУЛ БАЙМУРАТОВНА

**Бастауыш сынып мұғалімі
Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы
№7 жалпы білім беру мектебі**

**«Егер біз бүгін балаларды кешегідей оқытатын болсақ, онда олардың ертеңін ұрлаймыз.»
Джон Дьюи**

Кіріспе

Қазіргі заман – ғылым мен технологияның қарқынды дамыған, білім беру саласында жаңа көзқарастар мен әдіс-тәсілдерді талап ететін дәуір. Білім беру жүйесінің басты мақсаты – шығармашыл, сыни ойлайтын, өмірлік жағдайларда өз бетімен шешім қабылдай алатын тұлға қалыптастыру. Осы мақсатқа жетуде педагогикалық идеялар мен инновациялар маңызды рөл атқарады.

1. Заманауи педагогикалық идеялардың маңызы

Педагогикалық идея – бұл білім берудің мақсаттары мен мазмұнына, әдістеріне, оқыту процесінің ұйымдастырылуына қатысты жаңашыл ойлар мен ұсыныстар жүйесі. Мұндай идеялар оқушы мен мұғалімнің өзара әрекетін жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманда кең тараған педагогикалық идеялар:

- Оқушыны тұлға ретінде дамыту – білім алу емес, білімді өз бетімен игеру, қолдана алу маңызды.
- Құзыреттілікке негізделген оқыту – пәндік біліммен қатар өмірлік дағдыларды қалыптастыру.
- Оқыту мен тәрбиенің бірлігі – рухани-адамгершілік, патриоттық тәрбиеге басымдық беру.

2. Инновациялық әдіс-тәсілдер мен технологиялар

Инновациялық педагогика – бұл білім беру жүйесін жаңарту, оқыту сапасын арттыру үшін жаңа технологияларды, әдістерді, тәсілдерді енгізу.

Кең таралған инновациялық технологиялар:

- Сын тұрғысынан ойлау технологиясы – оқушыларды еркін ойлауға, дәлелмен сөйлеуге үйретеді.
- Жобалау әдісі – оқушы топпен жұмыс істеу арқылы нақты нәтижеге жетеді.
- АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) – интерактивті тақта, видео, онлайн платформаларды пайдалану.
- STEAM білім беру – ғылым, техника, инженерия, өнер және математиканы біріктіру арқылы оқушыны жан-жақты дамыту.
- Формативті бағалау – оқушының жетістігін үздіксіз бақылап, кері байланыс беру.

3. Мұғалімнің рөлі

Инновациялық білім беруде мұғалім – бағыт беруші, кеңесші. Ол оқушының дербестігін, шығармашылығын дамытуға жағдай жасайды. Қазіргі педагог жаңашыл, икемді, ақпаратты тез игеретін, өмір бойы білім алуға дайын болуы керек.

Қорытынды

Заманауи педагогикалық идеялар мен инновациялар – білім берудің сапасын көтерудің негізгі жолы. Оқу процесін жаңғырту арқылы білім алушылардың қызығушылығын арттыруға, олардың өмірлік дағдыларын дамытуға қол жеткізуге болады. Сондықтан әрбір мұғалім үнемі ізденісте болып, кәсіби дамып отыруы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Дьюи Дж. Демократия және білім. – Алматы: «Мектеп», 2008.
2. Коменский Я.А. Ұлы дидактика. – Алматы: «Рауан», 2005.
3. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
4. Сапарбаев Ә. Инновациялық педагогика. – Астана: Фолиант, 2020.
5. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
6. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. – Алматы. 2009.

ҰСТАЗДЫҚ ШЕБЕРЛІК – БОЛАШАҚ КЕПШІ

НАЗАРОВА ГУЛЬЗИРА ИБАДУЛЛОВНА

Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Ақтөбе қаласы

М.Мақатаев атындағы №73 жалпы білім беретін орта мектебі

Ағылшын тілі – XXI ғасырдың халықаралық қарым-қатынас тілі. Оны үйрену тек тілдік білімді емес, оқушының дүниетанымын кеңейтуді, басқа мәдениеттерді түсінуді талап етеді. Назарова Гульзира Ибадуллоевна осы міндетті орындау үшін оқытудың инновациялық тәсілдерін жүйелі қолданады. Сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, жобалық әдіс, CLIL сияқты заманауи тәсілдер тиімді пайдаланылып, оқушының тіл үйренуге деген қызығушылығы артады.

Қазіргі таңда ағылшын тілін меңгеру – жаһандану заманында әрбір тұлғаның басты құзыреттерінің бірі болып отыр. Назарова Гульзира Ибадуллоевнаның әдістемелік тәжірибесінде басты назар оқушының коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Оның сабақтарында «CLIL» (Content and Language Integrated Learning) әдісі кеңінен қолданылады. Бұл тәсіл арқылы оқушылар бір жағынан пәндік білімін жетілдірсе, екінші жағынан тілдік дағдыларын дамытады. Гульзира Ибадуллоевна заманауи цифрлық технологияларды тиімді қолдануды басты орынға қояды: онлайн-платформалар, Padlet, Quizlet, Kahoot сияқты құралдар оқушылардың қызығушылығын арттырады. Ол өзінің әдістемелік тәжірибесінде әр сабаққа оқушылардың өмірлік тәжірибесімен байланысты тапсырмаларды енгізіп, тілдік ортаны табиғи қалыптастыруға күш салады. Мұғалімнің кәсіби ұстанымы – әр оқушыға өз ойын ағылшын тілінде еркін жеткізе алатындай жағдай жасау.

Жаһандану заманында ағылшын тілін меңгеру – қоғамның басты қажеттілігінің бірі. Назарова Гульзира Ибадуллоевна өзінің әдістемелік тәжірибесінде ағылшын тілін үйретудің дәстүрлі әдістерімен қатар, инновациялық тәсілдерді ұтымды үйлестіреді. Оның сабақтарының өзегі – **коммуникативтік құзыреттілікті дамыту.**

Гульзира Ибадуллоевна оқушыларды тек сөздік қорды жаттауға емес, сол білімді **нақты өмірлік жағдаяттарда қолдануға** бағыттайды. Әр сабақта топтық жұмыс, диалогтік оқыту, пікірталас ұйымдастыру арқылы оқушылардың тілдік белсенділігін арттырады. «CLIL» технологиясын қолдану арқылы оқушылар ағылшын тілін басқа пәндермен кіріктіріп меңгереді. Мысалы, география тақырыптарын ағылшын тілінде талдау, биология терминдерін ағылшын тілінде қолдану – оқушылардың пәнге қызығушылығын күшейтеді.

Цифрлық ортаға бейімделген ұстаз ретінде ол оқыту процесінде **Padlet, Quizlet, Wordwall, Kahoot** сияқты интерактивті құралдарды жиі пайдаланады. Бұл әдіс оқушылардың бір-бірімен жарысуына, білімді ойын арқылы бекітуіне ықпал етеді. Сонымен қатар мұғалім оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға зор көңіл бөледі: эссе жазу, рөлдік ойындар қою, бейнеролик түсіру секілді тапсырмалар арқылы әр оқушы өз ойын ағылшын тілінде еркін жеткізуге үйренеді.

Гульзира Ибадуллоевнаның кәсіби ұстанымы: **«Әрбір балаға шынайы тілдік орта қалыптастыру».**

Ағылшын тілін оқытудағы басты мақсат – оқушыны тілдік ортаға бейімдеу, оның ойын еркін жеткізе алуына жағдай жасау. Назарова Гульзира Ибадуллоевна көпжылдық тәжірибесінде осы мақсатты жүзеге асыру үшін **интерактивті әдіс-тәсілдерді, жанартылған білім мазмұнындағы құзыреттілікке негізделген тәсілдерді** қолданады.

Ол оқытуда **коммуникативтік әдіске** сүйенеді. Сабақ барысында оқушылар тек дайын мәтіндерді жаттап қоймай, түрлі жағдаяттарды талдап, шынайы өмірде қолдана алатын сөйлеу үлгілерін меңгереді. Мысалы, «Travel and Tourism» тақырыбын оқытқанда оқушылар топтарға бөлініп, әрқайсысы туристік агенттік, әуежай, қонақүй қызметкері ролінде шығып, ағылшын тілінде диалог құрады. Бұл әдіс балалардың тілге деген сенімін арттырып, сөйлеу дағдысын дамытады.

Сонымен бірге мұғалім **CLIL (Content and Language Integrated Learning)** әдісін шебер қолданады. Географиядағы табиғат зоналарын, биологиядағы жануарлар әлемін ағылшын тілінде қарастыру арқылы пәндерді кіріктіре оқыту жүзеге асады. Мұндай сабақтарда оқушы бір мезгілде жаңа терминдермен танысып қана қоймай, ғылыми ойлауын ағылшын тілінде қалыптастырады.

Гульзира Ибадуллоvnаның тағы бір ерекшелігі – **цифрлық құралдарды тиімді қолдануында**. Ол Quizlet арқылы сөздік жаттатса, Kahoot және Wordwall платформалары арқылы білімді бекітуді ойын түрінде ұйымдастырады. Мұндай тәсіл әсіресе орта буын оқушыларына мотивация береді.

Әдістемелік ұстанымы – «Тіл үйрену – шет тілінде ойлауға бастайтын жол». Оның оқушылары қалалық, облыстық деңгейдегі олимпиадалар мен байқауларға қатысып, жақсы жетістіктер көрсетіп жүр.

Сабақ үлгісі

Тақырып: “Travelling Around the World”

Мақсаты:

- Оқушылардың шет тілінде қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
- Сөйлеу, тыңдау, жазу және оқу қабілеттерін кешенді түрде жетілдіру;
- Әлем халықтарының мәдениетін зерттеуге қызығушылығын арттыру.

Сабақ кезеңдері:

1. Қызығушылықты ояту (Quizlet арқылы жаңа сөздер, Guess the Country ойыны).
2. Негізгі бөлім (рөлдік ойын – “At the Travel Agency”, CLIL – географиямен кіріктіру).
3. Бекіту (Wordwall тест, топтық жоба “Best Tour Plan”).
4. Бағалау (формативті: Two stars – one wish әдісі, ауызша кері байланыс).

Әдіс-тәсілдер кестесі

| Әдіс атауы | Қолдану жолы | Нәтижесі |
|-----------------------------|---|----------------------------------|
| Communicative approach | Диалог, пікірталас, рөлдік ойындар | Сөйлеу дағдысы дамиды |
| CLIL | Биология, география мазмұнын ағылшын тілінде меңгерту | Пәнаралық байланыс |
| ICT tools (Kahoot, Quizlet) | Сөздік, тест, ойын | Мотивация, қызығушылық |
| Project-based learning | Тур жоспарлау, зерттеу жобалары | Шығармашылық, зерттеушілік дағды |

Практикалық ұсыныстар

- Сабақта әр оқушының сөйлеу мүмкіндігін арттыру үшін шағын топтық жұмыс ұйымдастыру;
- Сөздік қорды есте сақтауда mind-map әдісін қолдану;
- Әр тоқсан соңында ағылшын тілінде мини-дебат өткізу;
- Жаңа тақырыпты бекітуде цифрлық ойындарды пайдалану;
- CLIL негізінде өзге пәндермен кіріктірілген сабақтар өткізу.

Гульзира Ибадуллоvnаның сабақтары оқушыны тіл үйренушіден шынайы тіл қолданушыға айналдырады. Оның кәсіби қағидасы: “Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – әлемді танудың кілті”.

КАРАЕВА ЫРЫСГУЛЬ МУХАТОВНА
Биология пәні мұғалімі
Ақтөбе обласы
Шәкерім Құдайбердіұлы атындағы №66 ЖББОМ

Биология – тіршілікті зерттейтін ғылым, табиғаттың заңдылықтарын түсінудің кілті. Караева Ырысгуль Мухатовна биология сабақтарында оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамытып, эксперименттер мен практикалық жұмыстарға ерекше көңіл бөледі. Әр сабақта оқушылардың ойлау, талдау және дәлелдеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар қолданылады.

Биология пәнін оқытудағы басты мақсат – оқушыларға тірі табиғаттың заңдылықтарын түсіндіріп қана қоймай, ғылыми ойлау қабілетін дамыту. Караева Ырысгуль Мухатовна сабақтарында зертханалық жұмыстарға, тәжірибелерге ерекше көңіл бөледі. Әсіресе, «STEM-білім» әдістемесін қолдану арқылы оқушыларды тәжірибе мен зерттеуге бағыттайды. Оқушылар өсімдіктердің фотосинтез процесін зерттеуде немесе микроорганизмдердің ерекшеліктерін бақылауда нақты деректерді талдауға үйренеді. Мұғалім биологияны экологиямен, медицинамен, ауыл шаруашылығымен байланыстыра отырып, пәнаралық сабақтар ұйымдастырады. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың практикалық ойлауын дамытады. Караева Ырысгуль Мухатовнаның әдістемелік ұстанымы – «биологияны өмірмен байланыстыру».

Биология – тіршіліктің мәнін ашатын, ғылымға жетелейтін пән. Караева Ырысгуль Мухатовна сабақтарын ұйымдастыруда **зерттеушілік әдіске** сүйенеді. Оның ойынша, биологияны меңгерудің ең тиімді жолы – оқушыны тәжірибе жасауға, деректерді салыстыруға, қорытынды шығаруға үйрету.

Мұғалім сабақта **оқушылардың белсенді әрекетіне** көп көңіл бөледі. Мысалы, өсімдіктің транспирация процесін түсіндіргенде балаларға кәдімгі өсімдікті, полиэтилен пакетті, термометрді қолданып, тәжірибе жүргізуді ұсынады. Осындай жұмыстардан кейін алынған нәтиже бойынша оқушылар ғылыми қорытынды жасайды.

Ырысгуль Мухатовна **STEM технологиясын** сабақта белсенді қолданады. Мәселен, «Жасуша құрылымы» тақырыбында оқушылар микроскоппен жұмыс істеп қана қоймай, жасуша моделін 3D форматта құрастырады. Ал экология бөлімінде оқушылар өздері тұратын аймақтағы экологиялық мәселелерді зерттеп, оны шешу жолдары туралы жобалар қорғайды.

Сонымен қатар, ол **экологиялық тәрбиеге** ерекше назар аударады. Оқушылармен бірге ағаш отырғызу акцияларына қатысады, туған жердің табиғатын зерттеу экспедицияларын ұйымдастырады. Бұл жұмыс балалардың табиғатқа сүйіспеншілігін арттырып, жауапкершілік сезімін дамытады.

Оның әдістемелік қағидасы: *«Биологияны өмірмен байланыстыра оқыту – тұлғаның ғылыми көзқарасын қалыптастырады».*

Сабақ үлгісі

Тақырып: “Жасушаның құрылысы мен қызметі”

Мақсаты:

- Жасушаның құрылымдық бөліктерімен таныстыру;
- Микроскоппен жұмыс істеу дағдысын дамыту;
- Ғылыми тілде сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Сабақ кезеңдері:

1. Қызығушылықты ояту (бейнеролик «Cell structure»).
2. Негізгі бөлім (микроскоп арқылы пияз қабықшасын қарастыру, жұптық жұмыс).
3. Бекіту (интерактивті тапсырма – Quizizz).
4. Бағалау (өзара бағалау, критерий арқылы бағалау).

Практикалық ұсыныстар

- Оқушыларға тәжірибелік тапсырмалар жиі беру;
- Лабораториялық сабақтарды жүйелі ұйымдастыру;
- Биологияны экология, география пәндерімен кіріктіру;
- Виртуалды зертханаларды қолдану.

ЖАКСЫЛЫКОВА АЛТЫН ТЕМИРЖАНОВНА
математика пәні мұғалімі
Ақтөбе қаласы
Ш.Құдайбердіұлы атындағы №66 ЖББОМ

Математика – логикалық ойлаудың, дәлдіктің, жүйеліліктің тілі. Жаксылыкова Алтын Темиржановна оқушыларды математикалық есептерді шешу арқылы шығармашылыққа, дербес ойлауға, алгоритмдік мәдениетке тәрбиелейді.

Математика – оқушының логикалық ойлауын дамытатын ғылым. Жаксылыкова Алтын Темиржановна өз сабақтарында оқытудың модульдік технологияларын, проблемалық оқыту әдісін кеңінен қолданады. Әр сабақта оқушыларға өмірлік жағдаяттардан алынған есептерді шығарту арқылы пәннің практикалық мәнін ашады. Мысалы, қаржы сауаттылығына байланысты есептерді енгізу, геометрияны құрылыс және дизайн саласымен байланыстыру – мұғалімнің басты әдістемелік ерекшелігі. Ол оқушылардың дербес ізденісін арттыру үшін жобалық әдісті қолданады. Оқушылар шағын зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оны презентация арқылы қорғайды. Бұл олардың өз ойын математикалық тілде сауатты жеткізуіне мүмкіндік береді.

Жаксылыкова Алтын Темиржановнаның әдістемелік жұмысының басты ерекшелігі – математиканы оқушы өмірімен байланыстыру. Ол сабақта тек формуланы жаттатып қана қоймай, оны күнделікті тұрмыста қолдануға бағыттайды.

Мысалы, пайызға байланысты есептерді өткенде, оқушыларға банктегі несие немесе депозит есебі ұсынылады. Бұл тәсіл оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттырады. Геометрия тақырыптарында құрылыс, интерьер дизайны, инженерлік жобалау саласынан алынған есептерді қолдану – пәнді өмірмен байланыстырудың бір көрінісі.

Алтын Темиржановна сабақта проблемалық оқытуды да қолданады. Ол кейде есептің жауабын бірден бермей, оқушылардың ойлануына жағдай жасайды. «Қай әдісті қолдансаң тез шешесің?», «Бұл есептің шешімін өмірде қайда кездестіресің?» деген сұрақтар арқылы оқушылар өздігінен ізденеді.

Сонымен қатар мұғалім ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланады: GeoGebra бағдарламасында график тұрғызу, интерактивті тақтада формулаларды түсіндіру оқушылардың визуалды қабылдауын жеңілдетеді.

Оның кәсіби қағидасы – *«Математика – тек формула емес, ол – ойлаудың мәдениеті»*.

Сабақ үлгісі

Тақырып: “Квадраттық функция және оның графигі”

Мақсаты:

- Квадраттық функция ұғымын меңгерту;
- График тұрғызу дағдысын қалыптастыру;
- Математикалық тілде сөйлеу қабілетін дамыту.

Сабақ кезеңдері:

1. Қызығушылықты ояту (жаңа ұғымды өмірлік мысалдармен байланыстыру).
2. Негізгі бөлім (есептер шығару, Desmos бағдарламасын пайдалану).
3. Бекіту (топтық тапсырма – график тұрғызу).
4. Бағалау (бағалау парағы, өзін-өзі бағалау).

Практикалық ұсыныстар

- Ақпараттық технологияларды (GeoGebra, Desmos) пайдалану;
- Оқушыларды олимпиадалық есептермен жұмысқа тарту;
- Математикалық диктанттар өткізу;
- Логикалық ойындарды жиі қолдану.

Алтын Темиржановнаның сабақтары оқушылардың аналитикалық ойлауын дамытып, математикаға деген қызығушылығын арттырады.

Математика – оқушылардың **логикалық ойлауын дамытатын** ең басты пәндердің бірі. Жаксылыкова Алтын Темиржановна сабақтарында оқытудың заманауи әдістерін тиімді пайдалана отырып, математикалық білімді өмірлік қажеттілікпен байланыстырады.

Ол оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін **проблемалық оқыту, жобалық әдіс, модульдік технологияларды** қолданады. Әрбір тақырыпты түсіндіруде оқушыларға сұрақ қоя отырып, оларды өз бетімен жауап табуға жетелейді. Мысалы, «Геометриядағы пропорциялар» тақырыбын оқытуда архитектурадағы тепе-теңдік пен симметрия мысалдарын қолданса, «Алгебрадағы пайыздық есептерді» қаржы сауаттылығымен байланыстырады.

Жаксылыкова Алтын Темиржановна сабақтарында **ақпараттық-коммуникациялық технологияларды** да жиі пайдаланады. Математикалық графиктерді интерактивті тақтада құру, компьютерлік бағдарламалар арқылы есептердің шешімін тексеру – оқушылардың пәнді терең түсінуіне ықпал етеді.

Мұғалімнің басты әдістемелік қағидасы: **«Математика – өмірдің өзінде бар ғылым».**

ФАЙЗИЕВ САПАРҒАЛИ КЕНДЕБАЙҰЛЫ
дене шынықтыру пәні мұғалімі
Шымкент қаласы
«№1 TALANT» жалпы білім беру мектебі

Дене шынықтыру – оқушының денсаулығын нығайтып қана қоймай, ерік-жігерін тәрбиелейтін пән. Файзиев Сапарғали Кендебайұлы сабақтарында ұлттық ойындарды, спорттық жарыстарды тиімді пайдаланады.

Дене шынықтыру – оқушының тек физикалық дамуы емес, сонымен қатар психологиялық тұрақтылығы мен әлеуметтік белсенділігін қалыптастыратын пән. Файзиев Сапарғали Кендебайұлы сабақтарында ұлттық ойын элементтерін, спорттық жарыстарды, топтық жаттығуларды тиімді үйлестіреді. Ол әр баланың жеке ерекшелігін ескеріп, оқушылардың дене тәрбиесін жан-жақты дамытуды мақсат етеді.

Мұғалім сабақ барысында денсаулық сақтау технологияларын қолданады. Әр сабақта оқушылардың дұрыс тыныс алу, буын жаттығуларын жасау, бұлшық етті шынықтыру дағдылары дамытылады. Сонымен қатар ол спорттық құндылықтар арқылы оқушылардың ерік-жігерін, көшбасшылық қабілетін тәрбиелейді.

Дене шынықтыру пәнінің маңыздылығы – тек спорттық дағдыларды қалыптастыру емес, сонымен қатар **денсаулықты сақтау, салауатты өмір салтын ұстану**. Файзиев Сапарғали Кендебайұлы оқушылардың жас ерекшелігіне сай жаттығулар жүйесін құрып, әр сабақта олардың физикалық, психологиялық, әлеуметтік дамуын ескереді.

Ол сабақтарында **ұлттық ойындарды**, спорттық жарыстарды, эстафеталық ойындарды енгізу арқылы балалардың қызығушылығын арттырады. Мысалы, асық ату, арқан тарту, көкпар элементтері оқушыларға спортты ұлттық құндылықтармен байланыстыра қабылдауға көмектеседі. Сонымен қатар заманауи спорт түрлерін (футбол, волейбол, баскетбол) үйретуде топтық жұмысты тиімді қолданады.

Мұғалім оқушыларға **денсаулық сақтау технологияларын** үйретеді: дұрыс тамақтану, тыныс алу жаттығулары, денені қыздыру және қалпына келтіру тәсілдері. Ол әр баланың жеке мүмкіндігін ескеріп, спортты барлығы үшін қолжетімді етуге ұмтылады.

Сапарғали Кендебайұлының ұстанымы: **«Спорт – ерік-жігерді шыңдайтын, өмірге сенім сыйлайтын тәрбие құралы».**

Файзиев Сапарғали Кендебайұлы үшін дене шынықтыру пәні – тек спорттық жаттығу емес, **тәрбиенің маңызды бөлігі**. Ол сабақтарында оқушылардың физикалық дамуын ғана емес, олардың рухани және психологиялық тұрақтылығын қалыптастыруды көздейді.

Сабақ құрылымында міндетті түрде **ұлттық ойын элементтері** болады. Мысалы, арқан тарту, тоғызқұмалақ элементтері, асық ату сияқты ұлттық ойындарды сабақта қолдану балалардың өз

мәдениетіне деген құрметін арттырады.

Сонымен қатар, ол футбол, волейбол, баскетбол секілді командалық ойындар арқылы оқушылардың бірлікке, достыққа, жауапкершілікке тәрбиеленуіне ықпал етеді.

Сапарғали Кендебайұлы денсаулық сақтау технологияларын қолданып, әр сабақта балаларға буын жаттығуларын дұрыс орындауды, тыныс алу техникасын үйретеді. Мұның барлығы балалардың жарақат алмауына, дұрыс қалыптасуына көмектеседі.

Ол әр оқушының мүмкіндігіне қарай жеке жаттығулар береді. Мәселен, дене даярлығы төмен оқушыға жеңілдетілген жаттығулар ұсынылады, ал спорттық қабілеті жоғары балаға күрделірек тапсырма беріледі.

Мұғалімнің ұстанымы – «Спорт – салауатты өмір салтының бастауы».

Сабақ үлгісі

Тақырып: “Футбол ойынының негізгі элементтері”

Мақсаты:

- Доппен жұмыс дағдысын қалыптастыру;
- Жылдамдық пен ептілікті дамыту;
- Топтық жұмыс пен ынтымақтастыққа тәрбиелеу.

Сабақ кезеңдері:

1. Жылыту жаттығулары;
2. Негізгі бөлім (доп тебу, пас беру техникасы);
3. Жаттығуды ойын түрінде орындау;
4. Қорытынды бөлім (релаксация, тыныс жаттығулары).

Практикалық ұсыныстар

- Ұлттық спорт түрлерін сабаққа енгізу;
- Қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау;
- Спорттық жарыстар ұйымдастыру;
- Әр оқушының белсенділігін арттыру.

Сапарғали Кендебайұлының сабақтары оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануына ықпал етеді.

ИСМАГАМБЕТОВА ГУЛЬНАРА УТЖАНОВНА

тарих пәнінің мұғалімі

Түркістан облысы Түркістан қаласы

№35 жалпы білім беретін мектеп КММ-нің

Тарих – халықтың жады, ұлттық сана қалыптастырудың негізі. Исмагамбетова Гульнара Утжановна тарих сабақтарын өмірмен байланыстыра отырып, оқушылардың сыни ойлауын дамытады.

Тарихты оқыту – өткенді зерделеу арқылы оқушыға болашаққа дұрыс бағыт беру. Исмагамбетова Гульнара Утжановна сабақтарында тарихи деректерге сыни тұрғыдан талдау жасата отырып, оқушыларды зерттеушілікке баулиды. Ол әрбір оқушыға тарихи фактілерді тек жаттату емес, олардың мәнін ұғындыруға мән береді.

Мұғалім оқушыларға тарихи құжаттармен, карталармен, фото-деректермен жұмыс жасатып, тарихи оқиғалардың себеп-салдарын анықтауға үйретеді. Сонымен қатар тарихи тұлғалардың ерлігі мен өмірлік ұстанымдарын қазіргі заманмен байланыстырып, оқушыларға патриоттық тәрбие береді. Исмагамбетова Гульнара Утжановнаның әдістемелік ұстанымы – «тарихты ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы оқыту».

Сабақ үлгісі

Тақырып: “Қазақ хандығының құрылуы”

Мақсаты:

- Қазақ хандығының құрылу себептері мен маңызын түсіндіру;
- Оқушылардың тарихи оқиғаларға сыни көзқарасын қалыптастыру;
- Ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Сабақ кезеңдері:

1. Қызығушылықты ояту (бейнефрагмент көрсету).
2. Негізгі бөлім (дерекпен жұмыс, тарихи тұлғалардың рөлдік ойыны).
3. Бекіту (интерактивті тест, картамен жұмыс).
4. Бағалау (дебат, эссе жазу).

Практикалық ұсыныстар

- Тарихи карталармен жұмысқа көбірек көңіл бөлу;
- Оқушыларға тарихи деректерді салыстырып талдау;
- Шағын зерттеу жобаларын орындату;
- Дебат пен пікірталас әдістерін қолдану.

Гульнара Утжановнаның сабақтары оқушылардың ұлттық тарихқа деген қызығушылығын арттырып, елжандылыққа баулиды.

Тарих – ұлттың жады, халықтың болмысы. Исмагамбетова Гульнара Утжановна тарихты оқытуда оқушылардың **зерттеушілік қабілетін** дамытуға ерекше мән береді.

Сабақ барысында оқушыларға тарихи құжаттар, карталар, мұрағаттық материалдар ұсынылып, оларды талдау, салыстыру, қорытынды жасау дағдылары дамытылады. Мұғалім оқушыларға белгілі бір оқиғаның тек датасын ғана емес, оның **себебі мен салдарын** түсіндіруге басымдық береді. Мысалы, Қазақ хандығының құрылуы тақырыбын өткенде саяси, әлеуметтік, мәдени факторларды салыстырмалы түрде талдау тәсілін қолданады.

Гульнара Утжановна әр сабақта **патриоттық тәрбиеге** ерекше назар аударады.

Исмагамбетова Гульнара Утжановнаның әдістемелік тәжірибесі – тарихты **ұлттық құндылықтар арқылы оқыту**. Ол әр сабақта оқушыларға тарихи даталарды ғана емес, тарихи оқиғалардың **мәнін түсіндіруді**, олардың сабақтастығын көрсетуді басты орынға қояды.

Мұғалім оқушыларға картамен, тарихи құжаттармен жұмыс істеуді үйретеді. Мысалы, Қазақ хандығы кезеңін өткенде оқушылар тарихи картаны талдап, хандықтың аумағының қалай өзгергенін зерттейді.

Сонымен қатар, Гульнара Утжановна оқушыларды **зерттеушілікке баулиды**. Оқушылар шағын ғылыми жобалар дайындайды: «Ұлы Жібек жолының Қазақстан тарихындағы рөлі», «Қазақ батырларының ерлігі», «Түркістан – рухани орталық» сияқты тақырыптар бойынша баяндама жасап, сыныпта талқылайды.

Мұғалімнің басты мақсаты – **оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру**. Ол үшін сабақта патриоттық тәрбиеге көңіл бөледі, тарихи тұлғалардың ерлігі мен өнегесін қазіргі жастардың өмірімен байланыстырады.

Оның қағидасы: *«Өткенді білмей – болашаққа жол жоқ»*.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОЛӨНЕРІ АРҚЫЛЫ ӨМІРГЕ БЕЙІМДЕЛУ

УСТЕНОВА УЛЖАРХИН ЖУРАБЕКОВНА

**Түркістан облысы Жетісай ауданы «№60 Қызылқұм жалпы білім беретін мектеп» КММ
Көркем еңбек пәні мұғалімі**

Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің ең байырғы, аса құнды саласының бірі – қолөнер. Қолөнер өресі биік, өрісі кең өнер.

Қазақ қолөнері өзінің төл тума бітім қасиеттерімен, көркемдік мән мағынасымен өткен асыл қазынасы.

Қолөнер – халық қолөнерімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Қазіргі кезде сол ұлттық қолөнерді жас ұрпақтың бойына дарытатын, үйрететін технология сабағы мен қолөнерге байланысты үйірмелер болып табылады. Өйткені, өзім қолөнер үйірмесіне қатысу арқылы көп нәрсеге көзім жетті. Біз сияқты өскелең ұрпақтың ойын тереңдетуде, шығармашылық қабілеттерін дамытуда, еңбекке қызығушылықтары мен ойөрістерін кеңейтуде сонымен қатар эстетикалық талғам деңгейлерін жоғарылату мақсатында – қолөнер үйірмелерінің орны ерекше.

Сәндік қолданбалы қолөнердің қыр-сырымен сусындап, халық шеберлігінің ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан керемет шығармаларымен таныса отырып, шеберлікке, іскерлікке, еңбексүйгіштікке шындалуына мүмкіндік береді.

Ұлттық қолөнерді игеру арқылы өз халқының тарихи аса құндылықтарын біліп, мәдени мол мұрасын қадірлеп, салт-дәстүрлерді өз бойларына сақтап, кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, этникалық, ұлттық қасиеттерін қалыптастыруға негізделген.

Қазіргі уақытта қоғам үнемі даму үстінде. Осы қоғамда өмір сүріп жатқан адамдардың даму деңгейі мен тыныс тіршілігі әр алуан. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі саналы да салауатты ұрпақ тәрбиелеу және балалардың шығармашылық дарындылығын дамыту және оны тәрбиелеу. Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікті нығайту, елімізге асқақ руханият пен азаматтықты өркендету үшін бүкіл күш-жігерін жұмылдыруға қажетті құбылыстардың бірі – қазақ халқының ұлттық дәстүрін, мәдениетін, тілін, қолөнерін оқытып үйрету.

Ата-баба мұрасын бала бойына ұлттық өнер үлгілері арқылы сіңіріп, қолмен істеп, көзбен көрсетіп, тәжірибе арқылы орындап келеміз. Егеменді ел болғалы өз мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік болмысымызды қайта жаңғыртып жатыр. Әр ұлттың өзіне тән қолөнері бары анық. Халық қолөнерінің түп-тамыры – халықтың өмір сүру салтымен, шаруашылық дәстүрімен тығыз байланысты. Жалпы ұлттық қолөнер бабаларымыздан қалған мәдени мұрамыздың ең асыл құнды қазыналарының бірі. Қолөнер – халық өмірінен, тұрмысымен біте жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Әр мемлекет жастарды қоғамдағы жаңа өзгерістер мен өз халқының тарихы, дәстүрлері мен тіршілік ету, ойлау жүйесі туралы рухани негізін дамыта отырып, білім меңгеруге, еңбек етуге үйретуі қажет.

Қолөнерге бейімделуде сабақтарда біз бірлесіп топтық және жекеде жұмыс жасаймыз. Бұл деген біз сияқты оқушылардың еңбекке деген саналы көзқарасын өзгертеді.

Қолөнерге баулуда біздердің қазақтың ұлттық ою-өрнектерді ою, оларды бастырмалау, тоқыма мен кесте тоқу сияқты бірнеше жұмыстарды атқарамыз. Ұстазымыз әрбір жұмыс барысында біздің бойымыздан шыдамдылық пен ұқыптылықты, саусақтарының икемділігі мен шапшаң бітіруге деген құлшыныстар сияқты әрекеттердің үнемі болуын ескертіп отырады. Сондықтан болар өз ісімізге деген сүйіспеншілігіміз оянып, өз ісімізге мақтанышпен қараймыз. Өз-өзімізге деген сенімділік пайда болады.

Осындай сенімділіктің арқасында қолөнерге деген қызығушылығымызды арттырып, халық өнерін насихаттап, оны түрлі қиялмен жаңартып, қолөнер бұйымдарының сапасын арттыра беру аса игілікті іс. Өйткені қазақтың қолөнері біздің мәдениетіміздің құрамдас бөлігі. Оны дамыта отырып, әрбір адамның өзінің қабілетіне қарай қолөнерге бейімдеудің, іске икемдеудің маңызы да зор. Бұл деген біздердің жаңа өмірге бейімделіп, мамандықты меңгерудің алғы бастамасы болатыны анық.

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒЫДАЙЫНДА, ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ, ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘЖІРИБЕМЕН

ЖУНУСОВА САУЛЕ ГУБАШЕВНА
“Атырау облысы Білім беру басқармасының
Атырау қаласы білім бөлімінің
№46 жалпы орта білім беретін мектеп»КММ

Математика пәні мұғалімі

Білім беру жүйесін жаңарту оқушы білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын қалыптастырады. Оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін білімін пайдалана білу дағдыларын қалыптастырады және қоғамға пайда келтіреді.

«Функционалдық сауаттылық» — ұғымы өткен ғасырдың 60-жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен қолданысқа енді. Функционалдық сауаттылық –білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор. Ұлттық жоспарды орындаудың нәтижесінде 2017 жылға қарай қазақстандық мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін мынадай жағдайлар жасалатын болады: ғылыми-зерттеу жағынан қамтамасыз ету, білім беру мазмұнын жаңарту, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және оған мониторинг жүйесінің жасалуы, материалдық-техникалық базаның жақсартылуы [2].

Функционалдық сауаттылықтың **мақсаты** – оқушылардың білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету. Сонымен қатар, ол орта білім жүйесін түбегейлі өзгертудің негізі болып табылады.

Осы стратегиялық маңызды мәселенің басты негізі тұлғаның функционалдық сауаттылығы: белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілетін қалыптастыру және мәселенің шешімін, даму жолдарын таба білуін, өмір бойы оқуын қалыптастыруға тікелей байланысты. Биылғы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай өзіміз де осы салада еңбек етіп келе жатқаныма 38 жыл толып отырғанын баяндай келе, осы кішкене еңбек жолымды еліміздің болашағын тәрбиелеуге арнағанымды және алдағы уақытта да еліміздің жарқын болашағы үшін аянбай еңбек етіп, жас ұрпақтың бойына адамгершілікті, адами құндылықтарды насихаттайтынымды мақтан етемін. Өз Отанымыздың алдында қазіргі уақыттағыдай тамаша күндерге жеткеніміз үшін ризашылығымызды білдіруге және де осы Отанды көркейтуге өз үлесімізді қосуға алдағы уақытта біздер мен сіздер оқушылар борыштар екенімізді түсінуіміз керек, деген ұранды сөздермен патриоттық сезімдерін оятамын. Бұл сезімді оқушылар саналы түрде қабылдауы үшін патриоттық сезім әркез ұстаз бойынан, сөзінен, ісінен көрініс табылуы қажет.

Ендеше, бүгінгі күні ұстаз алдындағы басты міндет – оқушылардың шығармашылығын, ізденушілігін дамытып, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімін, білімге ынтасын арттыру. Ол үшін мұғалім білім алушының бойына алған білімін практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана алатындай негізгі құзыреттіліктерді сiңiруi керек. Негізгі құзыреттілік – бұл мемлекеттің орта мектепті бітіруші тұлғаның сапасына Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру нәтижелері түрінде қоятын талаптары. Олар:

- басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті);
- ақпараттық (өз бетінше ақпарат көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау);
- коммуникативтік (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын (шет) ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау);
- әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті);
- тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақ өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу);
- азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі, тілін терең меңгеріп,

Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі);

- технологиялық (әр азамат өз мамандығына қарай ақпараттық технологияларды, сандық технологияны, білім беру технологияларын сауатты пайдалануы).

Білім алушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді (әр пәннің мазмұны арқылы) меңгеруі тиіс.

Математикалық сауаттылық деген ұғымға оқушылардың келесі қабілеттіліктері жатады:

- қоршаған ортада пайда болатын және математика арқылы шешуге болатын
- мәселелерді тани білу
- бұл мәселелерді математика тілінде құрастыру;
- бұл мәселелерді математикалық айғақтар мен әдістерді қолдана отырып шешу;
- шешімдерде қолданылған әдістерді талдау;
- қойылған мәселелерді есепке ала отырып нәтижелерді түсіндіру;
- шешімдердің нәтижелерін құрастырып жазу [3].

Жалпы, сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені белгілі. Яғни, сауатты деген сөздің түпкі мағынасы оқу, жазу, санау біліктіліктері қалыптасқан, грамматикалық тұрғыда таза, қатесіз жаза, сөйлей, оқи алатын, сондай-ақ дұрыс есептей білетін адам сауатты ретінде танылады. «Математикалық сауаттылық – оқушының математиканы түрлі мәнмәтіндерде тұжырымдау, қолдану, талдап түсіндіру қабілеті. Ол, өз кезегінде, математикалық ойлау, құбылыстар сипатталатын, түсіндірілетін, алдын-ала болжап айтылатын математикалық ұғымдарды, процедураларды, білім мен құралдарды пайдалануды қамтиды. Бұл адамдарға математиканың әлемде қандай рөл атқаратынын мойындауға, конструктивті, қызығушылығы мол және ойлай алатын азаматтарға қажетті саналы көзқарас қалыптастыруға және ой өзегінен өткізілген шешім қабылдауға көмектеседі».

Математика пәнінің басты мақсаты – оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту. Логикалық ойлау қабілетін арттыруда есептің атқаратын ролі зор. Себебі, есеп шығару – мидың «гимнастикасы». Математика сабағы басқа пәндердің сабақтарынан күрделі, оны түсіну үшін ерінбей еңбек етіп, төзімді болып, талмай оқу қажет. Ал бұл көп оқушының шамасы келе беретін қасиет емес. Сондықтан әр мұғалім оқушының қызығушылығын арттырып, сабақты түрлендіре жүргізсе жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Оқыту үдерісіндегі басты мақсат – оқушыға дайын білімді беру ғана емес, оларды дербес ойлауға да үйрету. Мұғалім оқушыларға олардың математикалық білімдерінің сабақтас оқу пәндеріндегі, практикадағы қолданбалылығын әрдайым көрсетіп отыруы керек. Мұғалім оқушыларды есептеуге жаттықтырғанмен, көптеген дербес жағдайларды негізінен жалпысын көру біліктілігін жаттықтырғаны керек. Мұғалім жаңа математикалық ұғымдарды енгізу барысында олардың өмірдегі, басқа пәндердегі қолдануын көрсетіп отыруы қажет. Оқушылар іс жүзінде кездесетін есептерді шеше білулері тиіс, ал мұғалім ол үшін осы заманғы ғылыми білімді математикаландыру жетістіктерін сабақта пайдаланып отыру керек. Себебі математикада оқытылатын теңдеулер, теңсіздіктер, олардың жүйелері, функциялар әртүрлі процестердің математикалық моделі болып табылатыны анық. Сонымен қатар модель жасауда әртүрлі математикалық объектілер: сандық таблицалар, әріпті формулалар, қатарлар, геометриялық фигуралар, әртүрлі схемалар, Венн диаграммалары, графтар және т.б. қолданылады.

Математиканың теориялық негізін есеп түрінде меңгеру оқушының ойын белсендіреді, икемділік, жылылық, тереңдік, жинақылық, жүйелілік, т.б. тәрізді қажетті қасиеттерді қалыптастырады. Сонымен қатар, есептер математикалық білім, білік дағды жүйесін қалыптастырудың маңызды құралы, ал есеп шығару - оқу және кәсіптік әрекеттің жетекші түрі. Әрбір есептің өзіндік әдістемелік мақсаты да бар.

Сондықтан оқушы есепті жылдам әрі қатесіз шығаруға, жаттыға түсуге ұмтылудан гөрі, оны шығармашылықпен шешуге, шешімінен тиісті қорытынды жасай білуге тырысуы қажет.

Математиканы үйренумен белсенді шұғылданду, шын мәнінде, есеп шығару.

Математикалық есептердің тәрбиелік мәні зор. Есеп шығару кезінде төзімділік пен табандылық қалыптасады. Тиімді шешімді іздеу жазудың, сызудың ықшамдығы мен мұқияттығын керек етеді.

Ойлаудың ерекше математикалық стиліне тәрбиелейді:

- Талқылаудың, формальдік - логикалық сұлбасын сақтау (талдау, құру, дәлелдеу, зерттеу);
- Ойдың ықшамдығы;

- Ойлау барысының нақтылығы;

- Математикалық символиканы дәл қолдану

Оқушы біліміне мұғалім берген баға оқушының іштей өзін-өзі бағалауына сай келмесе, оның белсенділігіне теріс ықпал етеді, яғни, көтерме баға оқуға деген тұтынушылық қатынасты дамытуға, мұғалім беделін түсіруге соқтырады, ал төмен баға қою жағымсыз сезім, өз мүмкіндігіне сенімсіздік, кейде дау-дамай тудырады.

Есеп шығару, талдау есептер жүйесін құрудың мынадай әдістемелік ерекшеліктерін анықтауға жол ашты:

- 1) есеп мазмұнындағы мәліметтердің ғылымилығы;
- 2) есеп шығаруды үйретудің дамытушы сипаты;
- 3) есепті кәсіби түрде шығара білуді қалыптастыру мен дамытудың жүйелілігі және сабақтастығы;
- 4) есеп мазмұнында мәселе көтерілуі;
- 5) есеп мазмұнының кәсіби бағыттылығы;
- 6) есеп шығаруды үйретудегі саналылық пен мақсаттылық;

Осының бәрінде де математикалық ойлаудың жеткілікті түрдегі жоғары деңгейін қалыптастыру қажет.

Функционалдық сауаттылық – білім берудің жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы. Қазіргі тез өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық – оқушының әлеуметтік мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай - ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада анық көрсетілген. [4].

Білім беру саласының мониторингі функционалдық сауаттылықтың негізгі бағыттары арқылы іске асады:

- Оқу және жазу сауаттылық
- Жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылық
- Компьютерлік сауаттылық
- Математикалық сауаттылық
- Денсаулық сауаттылық
- Құқықтық сауаттылық

- Оқу және жазу сауаттылығы.

Оқушылардың көне дүниелермен танысу, білу, құштарлану құзыреттілігін қалыптастыру.

Көрген - білгендерін тиянақты түрде мазмұндап жеткізу

- Жаратылыстану ғылымындағы сауаттылық. Оқушының ғылыми дүниетанымын қалыптастырып, ғылыми білім жүйесіне негізделіп, танымның логикалық – саналы тәсілдеріне арқа сүйей отырып, оқушыға берілетін теориялық біліммен сипатталып, ғылыми категориялар мен дәлелдерді кеңінен пайдалануға машықтандырады.

- Компьютерлік сауаттылық

Оқушының ақпараттық мәдениеттілігін, сауаттылығын, алгоритмдік ойлауын қалыптастыру және эмоциялық қабылдау түрлері мен есте сақтауын дамыту.

- Математикалық сауаттылық

Математикалық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің оқушылардың дүниенің ғылыми бейнесін меңгерудегі басты құралы ретінде көрінеді.

- Денсаулық сауаттылық

Дені сау, жаны сау оқушы тұлғасын қалыптастыру.

- Құқықтық сауаттылық

Оқушының құқықтық білімін жақсарту, құқықтық ұғыну, өз құқықтары мен бостандықтарын, міндеттерін білу, заң күшіне сену т. б.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Бұл сұраққа мынандай деректер келтіруге болады.

Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде

қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Тіпті олар әр түрлі жағдайда кездескен бланкіні толтыра алмай, ондағы ақпараттың мәнісін түсіне алмапты. Бір қызығы, олар теледидарда не айтылып жатқанын, жалпы айтқанда, күнделікті өмірдің есебін білмейтін болып шыққан.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ - тұлғаның нақты мәдени ортада өмір сүру қызметін іске асыру үшін қажетті және әлеуметтік қатынаста ойдағыдай қызмет етуін қамтамасыз ететін білімі, ептілігі, дағдылары.

Математика сабағында пәнаралық байланысты негізге ала отырып, сұрақ - жауап, баяндау, проблемалық ситуацияларды туғыза отырып оқушыларды алға қойған мәселені шешуге, шығармашылық жұмыстармен айналысуға, бірін - бірі бағалай алуға, өз ойларын нақты, толық жеткізе білуге көңіл бөлемін. Осы мақсатта маған 5 сыныпқа арналған «Логикалық математика», 9 - 11 сыныптарға арналған «Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу» курстарының көмегі тиюде. Өз тәжірибемде оқушылардың төмендегідей тапсырмаларды орындай отырып, функционалдық сауаттылығы дамып, ақпараттық мәдениеттілігі қалыптасуда.

v №1. Біздің ықшам ауданда 5 үй бар. Әрбір үйде 5 мысық бар. Әрбір мысық 5 тышқан аулайды. Тышқандарды ұстай алмаса, әрбір тышқан 5 уыс ұн жейді. Егер әрбір уыс ұн 5 граммға жуық болса, мысықтар тышқанды ұстағанда неше кг ұн сақтап қалады? (3, 125 кг)

v №2. Егер 8 адам 8 сағатта бір жұмысты бітіретін болса, адамдардың біреуі осы жұмыстың жартысын неше сағатта бітіре алады? (32 сағ)

v №3. Делдал 3000 теңгеге тауар сатып алып, 3500 теңгеге оны сатты. Келесі күні осы тауарын 4000 теңгеге қайта сатып алып, екі күннен кейін 4500 теңгеге сатса, делдал осы саудада қанша пайда не қанша шығын көрді? (1000 тн пайда)

v №4. Ахметтің анасының 3 баласы бар. Егер олардың үлкенінің аты – Қыркүйек, ортаншысының аты – Қазан болса, кенжесінің аты кім болғаны? (Ахмет)

v №5. Бір ауылда 80 үй бар. Осы ауылдағы 60 үйде ат, 50 үйде ешек болса, ауылдағы ең аз қанша үйде ат та, ешек те бар? (30)

v № 6. Бір қатарда Қанаттың артында 36 адам бар. Ал Аслан Қанаттан 23 адамнан кейін тұр. Асланның алдында 51 адам бар болса, онда қатарда неше адам болғаны? (65)

v № 7. Бір адам қалаға бара жатыр еді, оған қарсы танысы кездесіп, екеуі ұзақ әңгімелескеннен кейін олар жолдарын жалғастырды. Қалаға қанша адам келді? (1)

Өртүрлі қызықты есептер адам ойының дамуына жетелейтіндігі сөзсіз. Оның ішінде салу есептерінің де маңызы өте үлкен. Осының дәлелі ретінде төмендегідей бірнеше есептерді орындап, ойлау қабілетімізді тексеріп көрейік. Қолыңды қағаздан көтермей, бір рет сызған сызықты екінші рет баспай, берілген денелерді сызып шық. Әрбір фигураға тек бір ғана сан сәйкес келетінін ескеріп, берілген цифrogramманы шеш. Сонымен қатар, жоғары сынып оқушыларын ҰБТ тапсыруға дайындық барысында уақытты тиімді, ұтымды пайдалану барысында өте маңызды тест тапсырмаларында көптеп кездесетін санның берілген пайызын табу есептерінің жауабын қалай тез табуға болады? Бұл жерде ықтималдық теориясының негізінде “жоққа шығару” әдісін (метод исключения) қолданған тиімді. Мысал №1: 45 санының 30%- ын табу керек. Жауаптары: А) 30, 5 В) 30 С) 15 Д) 13, 5 Е) 1, 5

Ой толғау: 45 санының 30%- ы осы санның өзінің жартысынан кем болатындықтан, берілген жауаптардан А, В, С жауаптарын алып тастаймыз. Онда тапсырманың жауабы не 13, 5; не 1, 5 сандары болады. Ауызша есептеу арқылы $45 \cdot 0,3 = 13,5$ екендігін алуға болады.

- 2) Мысал №2: берілген арифметикалық прогрессиясының тұрақтысы мен алғашқы p - мүшесінің қосындысын табу керек. Ой толғау: берілген тапсырмаға қарап, арифметикалық прогрессияның өспелі не кемімелі болатындығын, сәйкес емес жауаптарды алып тастау арқылы берілген есептің дұрыс шешімін тез табуға болады. Бұл уақытты үнемдеуге алып келеді. Осындай әдіс - тәсілдерді практикада есептер шығаруда қолдана отырып, мен оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, алған білімдерін уақытты үнемдей отырып, тиімді пайдалану дағдысын қалыптастыруға бағыттаймын.

Мектептік білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай өзіміздің ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай жетілдіру үшін «Нәтижеге бағдарланған білім» моделін ұсынады [5]. Мектеп түлектерін өмірде болып жатқан өзгерістерге дайындау және білім беруді заман ағымына сай өзгерту мақсатында оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың игерген құзыреттіліктері алынған

Еліміздің Президенті Қ.К. Тоқаев ерекше көңіл бөліп отырған білім мен еңбек қызметін меңгеруге жаңа мотивацияны тудырады. Осылайша, әлемдік деңгейдегі білімге сәйкес келетін мектептің жаңа моделін қалыптастыру білім саласының алға қойған негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Мұғалімнің де кәсіби даярлығы да соған сай болуы және оқу бағдарламалары оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға және түйінді, пәндік құзыреттерге қол жеткізуге бағытталуы керек деп ойлаймын.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қатысымдық, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұқбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады.

Осы орайда ұлы ұстаз Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық.

Есеп шығаруға үйретудің әдістемелік аспектілерін қарастыра келе математика пәнінің мұғаліміне әдістемелік нұсқаулар ұсынамын:

- математикаға қызығыңыз, оқушыларыңызды қызықтырыңыз;
- математикалық білімді молайтыңыз, әдістемелік шеберлігіңізді дамытыңыз;
- «Мұғалім - оқушы» тұлғалық бағдарлы байланысын жүзеге асырыңыз;
- оқушылардың ақыл-ой қабілетінің, шығармашылық дарынының дамуына өз әдістемелік қабілетіңізді ұштастырып, шеберлікті тиімді қолданыңыз;
- есеп шығарудың пайдалы жағын бөліп қарастырыңыз;
- аңғарғыштыққа және дәлелдеуге арналған есептерді жиірек қолданыңыз;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысыңыз.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

РАХЫМ АРАЙГУЛ ТЛЕГЕНҚЫЗЫ

Атырау қаласы

"Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебі"

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық мектептер ашылып, ондағы оқыту, тәрбиелеу бағдарламасына өзгерістер енгені бәрімізге белгілі. Сондықтан да халықтық педагогиканы сабақта, сабақтан тыс тәрбие жұмыстарында қолданып, оны оқушылардың бойына сіңіру - біздің басты міндетіміз.

Ол үшін ұлттық білім беру жүйесінде негізгі мына екі бағытты ұстанғанымыз жөн.

- Ұлттық педагогиканың негізінде оқушыларға білім мен өнеге берудің тиімділігін көтеру.
- Халықтық тәрбиенің ықпалы мен пайдасын ұқтырып, ұлттық сана - сезім тұрғысынан жастарды тәрбиелеу.

Ұлттық білім берудің өзі - ұлттық қауіпсіздік пен мәдениеттің құрамдас бөлігі. Ал ұлттық білім берудің құндылығы толығымен әлеуметтік дамумен, оның түбегейлі өзгеруімен анықталған. Ұлттық білім деп білім мазмұнындағы ұлттық дүниетанымды, ал ұлттық дүниетаным - ұлттық болмыс көрінісінің жүйесі. Оқушыларға қазақ еліндегі тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет - ғұрып пен салт - дәстүрді оқыта отырып, бойларына сіңіріп, ой - өрісінің жан - жақты болуына үлес қосуымыз керек.

Бүгінгі таңда қазақ халқы ғасырлар тоғысында тәуелсіз мемлекетке айналып, өзінің қоғамдағы саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени білім парадигмасы жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуда.

Өйткені кез келген жаңа тәуелсіз мемлекеттің рухани даму процестерінің өзіндік ерекшеліктері болады.

Бұл ерекшеліктер оның аумағында мекен ететін халықтардың тұрмыс- тіршілігімен, дәстүрлі мәдениетімен, салт-дәстүрімен және өткенімен тарихи сабақтастықта айқындалады. Қоғамның даму үдерісінде қол жеткізген тарихи тәжірибесі із-түзсіз жоғалып кетпейді, ұлттық санада, халықтық идеяда, мәдени-әлеуметтік және құндылықтар жүйесінде белгілі бір ретпен жинақаталып отырады. Міне, сол ғасырлар қойнауында қорытылып, жинақталып қалыптасқан қазақ халқына тән ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерін оқушылардың тәрбиесінде, соның ішінде еңбек тәрбиесінде пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр.

Себебі, ұлттық тәрбиенің қайнар көзіне, қазақ халық педагогикасы мен дәстүрлеріне қайта оралу заманның жай қоғамдық өмір талабынан туындаған қажеттілік, өйткені мәдениеттің әлеуметтік-тұрмыстық ағымы ғана емес, ол дәстүрлі түрлерін танып-білу арқылы адам баласы оның рухани бастауына терең бойлайды, туған елінің, ұлтының өзіндік болашақ ұрпақтарын шығармашылыққа тәрбиелеуі ерекшелігін аялап, сақтауға үйренеді. Қазақ халқының әлеуметтік, рухани-мәдени құндылықтарын сақтай отырып, оқушылардың еңбек етуге белсенділік қасиетін, дәстүрлі еңбек үдерісін меңгеруде тұрақты дағдыларын, шығармашылығын қалыптастыруды қамтамасыз ету өзекті мәселе болмақ.

Бүгінгі нарықтық қатынасқа көшкен Қазақстанның ұлттық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескеру және халықтың еңбек салт- дәстүрлеріне сүйену арқылы қоғам алдында өзінің дербестігі мен жауапкершілігін сезінетін, қоғамдық сана-сезімі ояңған, парасаты мен ар- ожданы биік, іскер, қабілетті, шығармашыл, кәсіпкер, нарық жағдайында бәсекелестікпен еңбек ете білетін, әрбір жұмыстың пайдалы көзін тауып, өзінің таңдаған мамандығына деген білімділі қазіргін, біліктілігін көрсете білетін азамат тәрбиелеу таңдағы өркениетті қоғамның талабы.

Осыған орай Қазақстан Республикасы «Білім беру туралы» Заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы шығармашылық, рухани, дене мүмкіндіктерін, интеллектін дамыту міндеті көзделген.

Демек, оқушыларды дәстүрлі еңбектің қай саласында болмасын тек мәлімет жиынтығын меңгерумен шектелмей, терең білімді, ізденімпаз, еңбек іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз ұлттық болмысын таныта алатын маман етіп тәрбиелеу қажеттілігі айқындалған.

Қазақ этносының тарихындағы жаңа бетбұрыс ұлттық сананың өсуіне, төл мәдениеттің қайта өрлеуіне, халқымыздың рухани бастауларына көңіл аударуға септігін тигізуде.

Алайда әрбір халықтың өзіндік ұлттық сыр-сипатын және рухани жан азығын, қоршаған ортаны түйсіну сезімін өзге бұл–елдерден ерекшелендіріп те, ұқсастырып та тұратын бір қыры ежелден келе жатқан, тіршілік көзінің негізінде қалыптасқан дүниетанымдық көзқарасы.

Дүниетанымның қалыптасуы ұзақ және күрделі процесс, оның нәтижесінде жеке көзқарастар және сенім жүйесі дамиды, қалыптасады, олар жеке адамның әрекет жасауына басшылық болады.

Дүниетаным процесіне әр түрлі факторлар, мәселен, әлеуметтік және макроорта мен тәрбие, жаппай ақпарат құралдары, т.б. әсер етеді. Олардың әрқайсысы адамдар іс-әрекеттеріне әр түрлі ықпал жасайды.

Алдыңғы ғасырлардағы қазақ қоғамындағы адамдардың санасында: жаратылыс, яғни табиғат, қоғам, адам өздерінің тұрмыс-тіршілігіне ұқсас топшыланды. Себебі, ғасырлар бойы қалыптасқан, атадан – балаға тәрбие арқылы, әлеуметтік-тұрмыс, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, жол-жоралар, табиғи-

биологиялық жолдар арқылы берілетін қасиеттер адамның жасанды емес, жарасымды табиғи болмысына айналған жағдайда жетекші күшке айналады. Сөйтіп, адам бойындағы білім мен тәжірибе, ақыл, сана болмысы – осы табиғи арнаны толтыратын игілікке айналады.

Ал оның бәрі интуициялық тәжірибеге қызмет етеді. «Интуиция» түйсіну, ақиқатты мұқият, жіті қарау) (лат. *intueri* логикалық негіздеусіз, бұрынғы тәжірибе негізінде тікелей танып-білу, түсіну тәсілі.

Демек, адамның ішкі болмысында жинақталған түйсіну, тану – көкейкөз ретінде рухани бастаудың хабаршысы болып табылады.

Оның өзі табиғи гармониялық бірлікпен анықталатын тарихи-мәдени, табиғи тамырлардың негізінде рухани мұраның ұлттық белгілерін қалыптастырады, соны тануға және соның негізінде жаңа нәрсені жасауға көмектеседі.

Екіншіден, рухани бастау уақыт пен кеңістікте қалыптасқан, ұлттық белгілерге ие болған этностың табиғи алғышарттары тудырған дүниетанымдық көзқараспен тікелей байланысты.

Яғни дүниетаным – адамның дүниеге деген рухани қатынастарының негізі болатын және солардың бәрін жалпылама түрде қамтитын, адам мен әлемнің сан алуан арақатынасын білдіретін ұғым. Сондай-ақ адамның дүниемен байланысы, оны тануы белгілі бір ұлттық жағдайда қалыптасатындықтан, дүниетанымның ұлттық белгілері болады.

Қазақ халқының дүниетанымын – объективті дүниеге және ондағы адамның алатын орнына, адамның өзін қоршаған шындыққа және өзіне қатынасы туралы көзқарастар жүйесі, сонымен қатар осы көзқарастарға тәуелді адамдардың өмірлік позициясы, олардың сенімдері, мұраттары, таным және іс-әрекет принциптері, құндылық бағдарлары деп түйіндейміз.

Педагогика ғылымы оқушылар тәрбиесінің мазмұнына енетін ғылыми дүниетанымды қалыптастыру мәселесін шешуде оның құрамды бөліктерін ажыратып қарайды. Педагогикалық ғылыми еңбектерде дүниетанымның төрт құрамды бөлігі көрсетіліп жүр. Олар: ғылыми білім жүйесі, дүниетаным, сенім, адам мұраты. объективтік дүниені бейнелейтін адам баласының мол тәжірибесі.

Білім арқылы жеке адам табиғаттың және қоғам құбылыстарының объективтік адамның жақтарын зерттейді, түсінеді, ұғады. Ғылыми білім дүниетанымының қалыптасуы мен дамуының үлкен тірегі.

Міне, осының нәтижесінде білім әр адамның көзқарасына, сеніміне айналады. Шығармашылық әрекет арқылы бір жағынан адамның іскерлігі мен қабілеттері жетілсе, екінші жағынан материалдық рухани көзқарасы қалыптасып, адамзат мәдениетіне үлес қосылады.

Баланың табиғи, ашылмаған мүмкіндіктері неғұрлым үйлесімді толығырақ дамыса, ол есейген кезде қызметті де соғұрлым мазмұнды, жан- жақты, табысты атқарады. Шығармашылық әрекет арқылы оның жасампаздығы, іскерлігі қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қызығушылығын дамытуға жас мөлшері нағыз қолайлы кезең. Оларды дамыта оқытудың мақсаты - балаларға дайын пәндік білім. біліктердің белгілі бір жиынтығын берумен шектелмейді. Кеңес дәуіріндегі дайын нұсқаулар мен бұйрықтарды орындайтын адамдарды тәрбиелейтін қазіргі мектептерде орын алып отырған дәстүрлі оқыту жүйесі шығармашылық тапсырмаларды орындауға үйрететін, оны қолдана білетін дамыған адамдарды дайындауға негіз бола алмайтындығын өмір көрсетуде.

Баланың шығармашылық істеріне басшылық жасау, ондай нәтижеге жету үшін мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас, сыйластық, түсіністік, ізгілік ұстанымдарына негізделеді. Сабақтағы оқушының орны, рөлі алмасты, оның еркіндігінің, дербестігінің болуы басты назарда ұсталды. Нәтижеде мұндай оқыту баланың ақыл-ойын дамытып қана қоймай, сол арқылы пайдалана білу, қоршаған дүниедегі жаңалықты көре білуге үйрететіндігі анықталды. Оқушының дарындылығы жоғары болған жағдайда шығармашылық тапсырма орындау барысында өз тұжырымын дәлелдейді. Қажет жағдайда пікірталас туғызады, өз түсінігін жеткізе біледі. Өзіндік ойлауы мен топшылауы басым болады

ОТБАСЫ ЖӘНЕ БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ ӘДІСТЕРІ

АБДРАСИЛОВА ПЕРИЗАТ

Педагог-психолог

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы

"Ә. Бектаев атындағы жалпы білім беретін мектеп"КММ

Медициналық нормадан ауытқулары бар балалармен және олардың ата-анасымен жұмыс жасағанда, психолог бала мен дәрігер, мұғалім, ата-аналар және оның сыныптастары арасында аралық дәнекер ретінде кеңес береді. Сонымен қатар өзін-өзі бағалау мінез – құлқының жекелеген түрлерін түзетуді жүзеге асырады. Дегенмен, бұл жұмыс тек баланы емдеудің жалпы процесінің бір бөлігі ретінде ғана қарастырылуы керек.

Ата-аналарға кеңес берген кезде психолог тек аурудың сипатын ғана емес, әр баланың жеке сипаттамаларын, сондай-ақ мектептегі және отбасылық жағдайдың ерекшеліктерін ескеруі қажет. Балалармен психо-түзету жұмыстары кезінде көбінесе ойын терапиясының әдісін қолданылады.

«Күрлелі» балалардың екінші тобы кейде қиын, кейде әлеуметтік жағынан нашар қалыптасқан немесе педагогикалық жағынан елеусіз қалған оқушылардан тұрады. Егер медициналық нормадан қалып қойған балалар туралы айтатын болсақ, біз медициналық норма мен патологияның шекарасын қарастырамыз. Ал мұнда психолог заң және қылмыстық мінез-құлықтың шекарасын ескеруі керек.

Педагогикалық жағынан ескерілмеген балалармен жұмыс жасайтын психологтың жұмысында ықтимал құқықбұзушылықтың алдын алу өте маңызды. Балалар мен жасөспірімдердің осы тобымен профилактикалық жұмыстар мектептегі қиындықтардан шығуды талап етеді, оны кеңірек әлеуметтік тұрғыда іске асыру қажет және нақты өмірге бағытау тиіс. Психологтың ең тиімді жұмысы кәсіптік бағдарлау және кеңес беру, сондай-ақ жеке мәселелердің жеке немесе топтық талқылауы болуы мүмкін.

- **Ойын терапиясы** баланың психикасына заттармен әсер етуде әмбебап, тиімді әдіс болып табылады. Ойын терапиясы және оның элементтері кез-келген жастағы балалармен жұмыс істегенде қолданылуы мүмкін. Жасөспірімдермен жұмыс жасағанда бұл жасөспірім осы жұмыс түрін таңдағанда ғана пайдалы болуы мүмкін.

- **Құмды терапия.** Құммен ойнау балаға өз қиялдарын экстериориздеу арқылы және өзінің ішкі сұраныстарына бақылау сезімін қалыптастыру талаптармен, әсіресе өзіндік архетиппен байланыс орналастыру және олардың өмірде символикалық түрде өрнектелуі психиканың дұрыс істеуіне айтарлықтай ықпал етеді. Құмды терапия процесі терапиялық қасиеттерге ие және арт-терапияға қарағанда аз кедергі туғызады. Өйткені, кейбір балалар сурет салуды қаламайды (олар өздерінің көркем қабілеттерін бағалаудан қорқады)

- **Сериялық сурет** салу терапевтік тәсіл болып табылады, онда консультант баламен жиі кездеседі және одан «жай сурет салуды» сұрайды. Осы кездесулер барысында психолог пен баланың терапиялық қарым-қатынасы қалыптасады, проблемалар сызбалардағы символикалық өрнектерде көрсетіледі, соның нәтижесінде ішкі кедергілерді емдеу және шешу мүмкіндігі пайда болады. Сериялық сурет кеңес берушінің қатысуымен сурет сабақтарының күнделікті өткізілуін қамтиды. Бұл жағдайда психолог бір қорытынды негізінде емес, жалпы серия немесе жиі қайталанатын мотивтер негізінде қорытынды шығарады. Жұмыс барысында бала жиі бір символикалық тақырыпты таңдап, бірнеше суреттерде пайдаланады. Бұл символдық сурет өзгеріссіз қалады, бірақ ішкі динамиканың болуын көрсететін өзгерістерге ұшырайды. Суреттерді пайдалану балаға зорлық-зомбылық оқиғаларына байланысты ауыр сынақтарды талқылауға тікелей көмектеседі.

4. Балалармен жұмыс істеуде ертегі кейіпкерлерін үлгі ретінде алу арқылы ертегілер мен әңгімелерді қолдану күрделі жағдайларды жеңуге үйретеді. Психологиялық жұмыста баламен немесе балалар тобымен байланыс орнату мүмкін. Балалар ертегілерді, фантастикалық әңгімелерді жақсы көреді және ақыл айтқанды ұнатпайды, демек, балаға жан-жақты қысым көрсетпей ертегінің көмегімен оның мінез-құлқына әсер етуге болады екен.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

БЕРДІҚҰЛОВА ГҮЛЗАТ БАЛҚЫБЕКҚЫЗЫ
«Ә.Бектаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
ағылшын тілі пәні мұғалімі

Білім берудің барлық тұстарының басым бағыттарының бірі мектепте ағылшын тілін оқыту болып табылады. Осы бағыттарда жұмыс жасау үшін мұғалімдердің басты мақсаты іздену, оқу, келешекке сену. Ағылшын тілін үйренуге деген көзқарастың өзгеруі мемлекеттік білім беру бағдарламаларына енгізілген: бүгінде бұл тек оқу пәні ғана емес, өмірлік маңызды дағды. Бағдарламаға сәйкес, ағылшын тілін білу - бұл ережелер мен грамматикалық құрылымдардың жиынтығын білу ғана емес, сонымен қатар тілді күнделікті өмірде қолдана білу. Ағылшын тіліне деген көзқарастың жоғарлауы оқу процесіндегі құзыреттілік тәсілінің қазіргі тенденциясымен сәйкес келеді, оған сәйкес ағылшын тіліндегі байланыс адамның он негізгі құзіреттілігінің бірі болып табылады.

Қазіргі әлемде болып жатқан саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер білім беру үрдістеріне әсер ете алмады. Жоғары оқу орындарына сәтті түсу үшін және болашақта еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік үшін мектеп оқушылары сыни және шығармашылық тұрғыдан ойлана білуі, теорияны іс жүзінде қолдана білуі, өз көзқарасын анық және нақты білдіруі керек. Қазіргі әлемде педагогикалық үдерісті ізгілендіруге және оқушыға білім берудің басты субъектісі мәртебесін беруге байланысты оқытудың жаңа тәсілдері мен әдістері енгізіле бастады. Ерекше тоқтала кететін әдіс- интерактивті оқыту әдістері. Интерактивтілік термині бүгінде техникалық жағынан да, педагогикалық тұрғыдан да қолданылады. Бірінші жағдайда интерактивтілік-бұл пайдаланушының өзара әрекеттесуін ұйымдастыруға арналған бағдарламалық интерфейстің қасиеті. Екінші жағынада интерактивтілік термині оқытудың бірқатар әдістерін сипаттауда қолданылады, онда басты белгі адамның іс-әрекет, яғни мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс. "Интерактивті" сөзі ағылшынның "interact" сөзінен шыққан - өзара әрекеттесу, бір-біріне әсер ету.

"Интерактивті оқыту" лингвистикалық және коммуникативтік міндеттерді шешу мақсатында қарым-қатынас және оқыту процесінде оқытушы мен оқушының өзара әрекеттесуі ретінде анықталуы мүмкін. Интерактивті қызмет оқу процесіне қатысушылардың әрқайсысы үшін маңызды мәселелерді шешуге, өзара түсіністікке, өзара әрекеттесуге бағытталған диалогтік сөйлеуді ұйымдастыру мен дамытуды қамтиды. Интерактивті оқыту, ең алдымен, топта диалогтық қарым-қатынасты дамытуға бағытталған. Дәстүрлі оқытумен салыстырғанда, интерактивті түрде мұғалім мен оқушылардың өзара әрекеттестігі өзгереді. Мұғалімнің белсенділігі оқушылардың белсенділігіне жол ашады. Бұл жағдайда мұғалім оқушылардың іс-әрекеттерін үйлестіруші және модератор ретінде әрекет етеді, олардың мінез-құлқын дұрыс бағытқа бағыттайды. Интерактивті оқытудағы мұғалімнің негізгі міндеті-өзіндік әлеуметтік тәжірибені тарту арқылы нақты оқу міндеттерін шешу мақсатында оқушылардың өзара ыңғайлы қарым-қатынасы үшін жағдай жасау. Интерактивті оқыту кезіндегі оқу процесі іс жүзінде әрбір оқушы таным процесіне және жаңа білім алуға қатысатындай етіп өтеді. Белгілі болғандай, бұл әдістің мақсаты оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады, ол ағылшын тілін өмірдің түрлі салаларында қарым-қатынас құралы ретінде пайдалана білуді көздейді. Интерактивті әдістердің артықшылығы-олар ағылшын тілін қолдану кезінде психологиялық кедергілерді жеңуге мүмкіндік береді және оқушыларға оны қолдану тәжірибесін игеруге мүмкіндік береді. Интерактивті әдістерді қолдану процесінде жаңа дағдыларды игере отырып, оқушылар оқу уақытының едәуір бөлігі шетелдік сөйлеу практикасына бөлінетін мұғалім ұйымдастырған сабақ формаларына үлкен ықыласпен қатысады.

Оқытудың интерактивті әдістеріне дәстүрлі түрде презентация, әңгімелер, рөлдік ойындар, пікірталастар, ми шабуылы, практикалық міндеттері бар конкурстар және оларды кейіннен талқылау, жоспарлар мен жобаларды жобалау, шығармашылық іс- шаралар өткізу, мультимедиялық компьютерлік бағдарламаларды пайдалану және ағылшын тілді мамандарды тарту жатады. Олардың кейбіріне тоқталайық: Пікірталас. Бірнеше түрі бар: оқу, тақырыптық, өмірбаяндық және интерактивті. Тандалған пікірталас түріне қарамастан, бұл мектеп оқушыларын мәселені талқылауға белсенді қатысуға ынталандырып қана қоймайды, сонымен қатар сыни ойлауды дамытуға, сонымен қатар көзқарасты сақтау үшін оңтайлы дәлелдер іздеуге ықпал етеді. Пікірталас түрінде интерактивті

ойындардың келесі түрлерін ажыратуға болады:

1. Round table - ұжымдық ойын, шешім жалпы мәселелері.

2. Scientific debate-оқушылардың әртүрлі бағыттағы өкілдері басқаларға қарама- қарсы өз пікірлерін қорғайтын оқу дауы-диалог.

3. Competition in small groups-бұл мектеп оқушыларын белсенділікке итермелейтін мотивациялық ойын.

4. Situation-тез әрекет ету және қиялдау қабілеттерін дамытатын ойын.

5. Judicial sitting-рөлдерді бөлу және конструктивті жауаптарды іздеу ойыны. 6. Training-шындыққа жақын түрлі әлеуметтік жағдайларды модельдеу және талқылау процесінде дағдыларды жетілдіру бойынша шағын топпен жұмыс істеудің әртүрлі нысандарын қолдана отырып оқыту нысаны.

7. Debriefing-алдыңғы жұмыс нәтижелерін талдау және талқылау, жинақталған тәжірибені құрылымдау. Педагог пен оқушылардың өз жетістіктері мен жеңілістерін анықтау және бағалау; әрі қарайғы жұмысты жоспарлау.

Оқытудың пікірталас формалары-бұл "шындықты табу" немесе қатысушыларда белгілі бір көзқарас қалыптастыру мақсатында ойлармен, мәлімдемелермен мақсатты және реттелген алмасу. Негізгі шарттар-пікірталасты бір мәселе немесе тақырып бойынша шектеу. Талқылау барысында айтылған кез-келген ой дәлелді болуы керек. Бұл интерактивті әдіс ерекше назар аударуға лайық, өйткені оның басты қағидасы - өздігінен жүру. Оқушылардың міндеті- мәселені шешудің мүмкіндігінше көп нұсқаларын ұсыну, ал мұғалім оқушылардың барлық жауаптарын ескеруі керек. Сондай-ақ нақты сөйлеу жағдайы мен тапсырмаға негізделген лексика мен грамматикалық құрылымдарды таңдауға ықпал етеді. Уақыттың шектеулілігі шығармашылық ойлауды және мәселені шешудің стандартты емес тәсілін ынталандырады. Рөлдік ойын. Оқушылар үшін ең қол жетімді қызмет түрі, сыртқы әлемнен алған әсерлерін өңдеу әдісі. Рөлдік ойын ойлау мен қиялдың ерекшеліктерін, эмоционалдылықты, қарым-қатынас қажеттілігін дамытатын белсенділікті айқын көрсетеді. Қызықты ойын оқушының белсенділік деңгейін жоғарылатады және ол қарапайым сабаққа қарағанда күрделі мәселелерді шеше алады. Бірақ бұл барлық сабақтар ойын түрінде өтуі керек дегенді білдірмейді.

Ойын-бұл әдістердің бірі және ол басқалармен үйлескенде ғана жақсы нәтиже береді: тыңдау, сөйлесу, оқу. Рөлдік ойын жеке тұлғаны дамыту үшін үлкен маңызға ие. Оқу ойынының сәттілігі қатысушылардың мүмкіндіктерімен, сондай-ақ жас ерекшеліктерімен анықталады. Оқу іс-әрекетінің екі негізгі функциясы бар: дамытушылық - оқу іс-әрекеті кезінде оқушылардың шығармашылық әлеуетін, қажетті білім алу әдістерін игерудегі тәуелсіздігін және қарым-қатынасты ұйымдастыру, тұлғааралық қатынастарды реттеу, мінез-құлықты реттеу механизмінің пайда болуы арқылы жүзеге асырылатын қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.

Оқушылар үшін ең қызықты интерактивті ойындардың мысалдарын әрі қарай қарастырайық. Төменде зерттелген тақырып пен жалпы сөздерді сөздік қорын меңгеруді көздейтін ойындар берілген: 1. Grab a minute-интерактивті картада жазылған терминді сипаттау үшін оқушыға 1 минут уақыт берілетін ойын. Қатысушы берілген тақырып немесе термин, оның мағынасы, пайдалану мысалдары туралы көбірек ақпарат беруі керек. Карточкада көрсетілген тақырып немесе термин туралы ең толық және дәйекті ақпаратты ұсынатын адам жеңіске жетеді. 2. An item сипаттамасы-интерактивті карталарда көрсетілген сөзді немесе сөз тіркесін сөздің түбірін атамай және қимылдарды қолданбай сипаттау қажет ойын. Сонымен қатар, қалған студенттер тобы белсенді рөл атқарады, олар сөзді болжауы керек. Бұл ойынды warm up activity ретінде пайдалануға болады. 3. Chain story-логика ойыны, қиял мен даралықтың көрінісі. ойынның мәні-алдыңғы оқушының әңгімесін жалғастыру. Жоғарыда аталған ойындар сабақтың екінші бөлігінде, оқушылардың белсенділігін арттыру және ақпаратты қабылдауды жақсарту үшін өткізілуі мүмкін. Олар айтарлықтай дайындықты қажет етпейді және оқушылардың теориялық деңгейіне байланысты. Пікірталас тобының формаларында теориялық негізден басқа жауаптардың дәлелділігі де болуы керек. Сабақта ұсынылған интерактивті технологияларды қолдану: үйренген лексиканы тиімді қайталауға, сөздік қорын толықтыруға; дұрыс артикуляция дағдыларын терең меңгеруге; зейінді, есте сақтауды, ойлауды дамытуға; жұптарда, топтарда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға және т. б. ықпал етеді. Айта кету керек, жоғарыда келтірілген мысалдар интерактивті әдістердің санымен шектелмейді. Интерактивті оқытудың көптеген әдістерін мұғалімнің өзі таңдауына мүмкіндік береді. Алайда, интерактивті жұмыс түрлері қолданылатын әр сабаққа мұқият дайындалу қажеттілігін атап өткен жөн. Өйткені, біріншіден,

оларды дәстүрлі міндеттермен ауыстырып, оқушылардың шаршауын алдын-ала болжау және болдырмау қажет, екіншіден, инновациялық міндеттер әр оқушы үшін сәттілік жағдайларын жасауға көмектесуі керек.

Интерактивті технологияларды қолдана отырып, ағылшын тілі сабағының құрылымы төрт кезеңнен тұрады: 1. Дайындау. Бұл кезең үлестірме материал, өткізу орны мен қажетті техникалық құралдар мәселелерін шешу сияқты ұйымдастырушылық сәттерді қарастырады. 2. Кіріспе. Бұл кезеңде ережелерді, мақсаттарды түсіндіру маңызды, тапсырма техникалық түрде қалыптасады, топтарға бөлінеді, рөлдерді бөледі және оқушыларға "ойынға" бөлінген уақыт туралы еске салады. 3. Жүргізу. Мұғалім берген жағдайларды талқылау, шешімдерді тәуелсіз немесе топтық іздеу, жауаптарды табуға міндетті болып табылады. 4. Кері байланыс және нәтижелер. Бұл кезеңнің элементтері - "ойын" нәтижелерін талқылау, бағалау, кері байланыс. Айта кету керек, интерактивті әдістердің формаларын таңдау мұғалімнің жеке көзқарасын қажет етеді. Сонымен, интерактивті технологияларды қолдану бір жағынан оқушы мен мұғалімнің іс-әрекетін егжей-тегжейлі талдауды, екінші жағынан сабақты мұқият жоспарлауды қажет етеді. Ағылшын тілін оқытуда интерактивті формалар мен әдістерді қолдану сабақта сөйлеу тәжірибесінің санын іс жүзінде арттыруға мүмкіндік береді, оқушылар үшін қызықты болады, материалды игеруге және оны келесі сабақтарда қолдануға көмектеседі, дидактикалық және әртүрлі даму функцияларын орындайды. Ағылшын тілі сабағының әртүрлі кезеңдерінде интерактивті оқыту технологияларын қолдану оқушылардың тіл үйренуге деген ынтасын арттырып қана қоймай, сонымен қатар оқушылар мен мұғалім арасындағы ынтымақтастық пен өзара түсіністікке ықпал ететін сыныптағы атмосфераны жақсарту болып табылады. Өзара сенім, теңдік, қарым-қатынастағы серіктестік студенттердің оқу процесіне қанағаттануын, оған қатысуға деген ынтасын тудырады. Осылайша, мұғалім оқушылардың өзіндік оқутанымдық және шығармашылық қызметінде тәлімгер болады. Сондықтан ойындарды әртараптандыру және оқытудың интерактивті әдістерін қолдану.

МАЗАСЫЗДЫҚТЫҢ ЖОҒАРЫ БОЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫМЕН КҮРЕСУ

ТУРДЫКУЛОВА КУЛИМХАН САБЫРОВНА

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Жанаталап ауылы

**«Әбдікәрім Бектаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің педагог-психологы**

Мазасыздықтың жоғары болуы және онымен күресу үшін не істеу керек?

Мазасыздықты өз өмірінде, сөзсіз, барлық адам басынан өткергені анық. Мазасыздық-бұл толқу, қобалжу, сақтану немесе бір жамандықты алдын-ала сезу. Өте маңыздысы сол, мазасыздық адам бойында беймәлім және бұлыңғыр болады-біз бірмезетте бірнеше нәрседен сақтануға бейім тұрамыз.

Мұндай мазасыздық адам ағзасы үшін қалыпты жағдай. Шындығында, мазасыздық күш жинақтауға көмектеседі. Белгілі бір жағдайды шешуге назар аудартады.

Бірақ, мазасыздық үздіксіз, ажырамастай болып және бар күшінді алып қояр болса, психологияда мұны мазасыздану жағдайы немесе көтеріңкі мазасыздық деп атайды. Ол үнемі шаршатады, адам кез-келген себеппен де себепсіз де мазасыздықты сезеді.

Біздің заманымызда жиі кездесетін мәселелердің бірі - балалар мәселесі мазасыздық және балалардың қорқынышы. Психологтар оған ерекше назар аударады, себебі ол баланың дамуына, қарым-қатынасына, денсаулығына және жалпы психологиялық әл-ауқатына кері әсер етеді.

Психологиялық әдебиеттерде әр түрлі анықтамаларды кездестіруге болады мазасыздық туралы түсініктер, дегенмен зерттеушілердің көпшілігі мазасыздықты ситуациялық құбылыс ретінде және жеке тұлға ретінде қарастырған жөн деп келіседі сызық.

Мазасыздық – бұл жеке тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктерінің бірі, ол қорқыныш пен үрейге бейімділіктің жоғарылауынан көрінеді. Мазасыздықты мазасыздықтан ажырату керек. Мазасыздық сезімі балаларға да, ересектерге де таныс, бірақ қоршаған әлемді енді ғана танып

жатқан балаларда бұл әлдеқайда жиі кездеседі. Мазасыздық организмнің ықтимал қауіпке, белгісіз жағдайға немесе қандай да бір нақты жағдайларға табиғи реакциясы ретінде пайда болады. Бұл эпизодтық сипатқа ие және мазасыздық жағдайын тудырған себепті жойғаннан кейін өтеді. Бірақ кейбір жағдайларда балалардағы мазасыздық сезімі тұрақты, фондық сипатқа ие болады, бұл тұрақты жағдай ретінде мазасыздықтың жоғарылауы туралы айтуға негіз береді.

Мазасыздық белгілі бір жағдаймен байланысты емес және әрдайым дерлік көрінеді. Бұл жағдай адамға кез-келген іс-әрекет түрінде жүреді.

Психологиядағы мазасыздық түрлері екі түрге бөлінеді: ситуациялық және жеке.

Ситуациялық мазасыздық - олар бірінші кезең деп санайды. Бұл белгілі бір өмірлік жағдайда көрінетін, бірақ өмірдің басқа салаларына таралмайтын мазасыздықты, толқуды білдіреді. Мазасыздық жағдайға реакция ретінде, яғни тұрақты жеке қасиет ретінде емес, жағдайға сәйкес уақытша психологиялық күй ретінде. Мысалы, баланы ит тістеп алған. Бұл ит қатты үреді, өтіп бара жатқандардың бәріне асығады. Бала итті көрген сайын шиеленіседі, жылайды, қорғансыздық пен сенімсіздік танытады – басқа жағдайларда өзіне тән емес мазасыздық белгілері.

Жеке мазасыздық бұл белгілі бір жағдаймен байланысты емес және әрдайым дерлік көрінеді. Бұл жағдай кез-келген іс-әрекет түрінде баламен бірге жүреді. Жеке тұлға жеке тұлғаның мінезінің бір бөлігіне айналады. Мысалы, бала жиі күйзеліске ұшырайды, қорқады және қауіп төндірмейтін нәрседен қорқады. Сыныпта қарапайым сурет салуды орындай отырып, ол оңай жетістікке жетеді, бала шиеленіседі, қысылады, процесті ұзақ уақыт бастай алмауы мүмкін, сенімсіздік сезімі пайда болады. Қоғамдық орындарда ол анасын мықтап ұстайды.

Мазасыз балалардың мінез-құлқының ерекшеліктері:

Мазасыз балалар көбінесе өзін-өзі бағалаудың төмендігімен сипатталады, осыған байланысты олар басқалардан қолайсыздықты күтеді. Балалар өздерінің сәтсіздіктеріне өте сезімтал, оларға шамадан тыс реакция жасайды, сол әрекеттерден бас тартуға бейім, мысалы, сурет салуда қиындықтар туындайды. Мұндай балаларда мінез-құлқында айтарлықтай айырмашылықты байқауға болады

Сабақтарда және сабақтан тыс уақытта. Сабақтан тыс уақытта олар сергек, көпшіл және стихиялы балалар, сабақта олар қысылып, күйзеліске ұшырайды. Олар тәрбиешінің сұрақтарына тыныш және күнгірт дауыспен жауап береді, тіпті кекештене бастайды. Олардың сөйлеуі, мүмкін, өте жылдам, асығыс немесе баяу, қиын. Әдетте, ұзаққа созылған қозу пайда болады: бала киімін қолымен ысқылайды, бір нәрсені манипуляциялайды.

Суреттердегі балалардың мазасыздығы айқын көрінеді. Мазасыз балалардың суреттері олар люктің көптігімен, қатты қысыммен, сондай-ақ кішкентайларымен ерекшеленеді кескін өлшемдері бойынша. Көбінесе мұндай балалар егжей-тегжейлерге "жабысып" қалады, әсіресе кішкентайлар.

Үлгілі, ұқыптылық қорғаныс сипатына ие - бала жасайды барлығы сәтсіздікке жол бермеу үшін. Өзіне сенімсіз, күмәндануға бейім және екіұшты, ұялшақ, мазасыз бала шешім қабылдамайды, өзін-өзі ұстай алмайды, көбінесе инфантильді, біз көтеріңкі көңіл-күй сыйлаймыз. Бала басқалардан қорқады, күтеді шабуылдар, келемеждеу, реніштер. Ол ойындағы тапсырманы, мәселені шеше алмайды. Адам белгілі бір нәрседен қорыққанда, біз оның көрінісі туралы айтамыз қорқыныш. Мазасыздықтың қалыптасуының негізі қорқыныш болып табылады. А.Адлер мазасыздықтың қалыптасуы келесі механизмдерге негізделген деп санайды қорқыныш, қиындықтардан қорқу.

Қорқыныш пен үрейде сезім түріндегі жалпы эмоционалдық компонент болады мазасыздық пен уайым, қорқыныш пен үрей сирек кездеспейді. Қорқыныш – бұл адамның өзін-өзі сақтауға ықпал ететін табиғи эмоциясы. Бірақ кез-келген қорқыныш мазасыздықтың негізіне айнала бермейді. Бұл баланың бойында жеке мазасыздықты тудыруы мүмкін қарқынды, тұрақты, босатылмайтын қорқыныш.

Мазасыздық белгілері:

1. Шаршамай ұзақ уақыт жұмыс істей алмайды.
2. Оған бір нәрсеге зейін қою қиынға соғады.
3. Кез-келген тапсырма қажетсіз мазасыздықты тудырады.

4. Тапсырманы орындау барысында ол өте шиеленісті, шектеулі.
5. Басқаларға қарағанда жиі ұялады.
6. Жиі шиеленісті жағдайлар туралы айтады.
7. Әдетте, бейтаныс ортада қызарып кетеді.
8. Оның қорқынышты армандары бар деп шағымданады.
9. Оның қолдары әдетте суық және ылғалды.
10. Оның нәжісі жиі бұзылады.
11. Мазалаған кезде қатты терлейді
12. Тәбеті жақсы емес.
13. Мазасыз ұйықтайды, әрең ұйықтайды.
14. Ұялшақ, көп нәрсе оның бойында қорқыныш тудырады
15. Әдетте мазасыз, тез ренжиді.
16. Көбіне көз жасын тыя алмайды.
17. Күтуге жол бермейді.
18. Жаңа кәсіп ашқанды ұнатпайды.
19. Өзіне, қабілеттеріне сенімді емес.
20. Қиындықтарға тап болудан қорқады.

Зерттеулерге сәйкес, әрбір екінші бала бір жаста немесе басқа жаста қорқыныш сезінеді. Балалардың қорқыныш объектілері шексіз алуан түрлі және олардың ерекшеліктері баланың өмірлік тәжірибесіне, оның қиялының даму дәрежесіне және баланың жеке басының белгілі бір қасиеттеріне тікелей байланысты. . Әрбір балалық шақта "жасқа байланысты қорқыныш" деп аталатын нәрсе бар.

Профессор А.И.Захаров мектеп жасына дейінгі балалар үшін қорқыныштың жас ерекшеліктеріне тоқталды. Егер баладағы қорқыныш саны жас нормасынан 1,5 есе асып кетсе, онда баланың психикасы шамадан тыс жүктеме жағдайында және баланың эмоционалды жағдайын қалыпқа келтіру үшін арнайы психологиялық шаралар қажет деп айтуға болады. .

Мұғалімдерге мазасыз балалармен жұмыс істеу ережелері:

- Қоғамдық айыптаулар мен ескертулерден аулақ болыңыз!
- Басқа балалармен салыстырудан аулақ болыңыз (әсіресе біреу жақсы болса).
- Жетістіктерді жеке және топ алдында атап өтуді ұмытпаңыз.
- Баланы мадақтаңыз, оны мақтан етіңіз. Барлығына айтып, көрсетіңіз жетістіктер.
- Барлық бастамаларда жігерлендіріңіз және елеусіз болса да мақтаңыз тәуелсіз әрекеттер.
- Балаға мүмкіндігінше аз ескертулер жасауға тырысыңыз.
- Баланы жазалау арқылы оны қорлауға болмайды.
- Эмоционалды қолдау ("Жарайды...", "Кейде адамдар болады олар қателеседі, қорқады... ", "Ештеңе емес, келесі жолы нәтиже шығады...") —
- Ғынталандырушы көмек – бұл аванстық төлем ("Сіз жетістікке жетесіз, мен білемін", "Мен сенімдімін, мен сізге сенемін...").
- Жеке эксклюзивтілік ("Тек сен ғана жетістікке жете аласың...", "Маған сенің мұны қалай жасағаның, сурет салғаның қатты ұнайды" және т.б.).
- Мотивацияны күшейту ("Мен үшін жаса, мен өте риза боламын...", "Бұл бізге өте қажет...")
- Бөлшекті жоғары бағалау ("Сіз бұл бөлімді керемет орындадыңыз...").
- Асықпаңыз! Түсінуге уақыт беріңіз.
- Асығыс болған кезде тоқтаңыз, тыныштандырыңыз.
- Қажет болса, нұсқауларды қайталаңыз және нақтылаңыз.
- Релаксация жаттығуларын орындау.

Әдебиеттер тізімі:

1. Астапов В.М. "Балалардағы мазасыздық". – Мәскеу, ПЕРСЭ, 2008.
2. Божович Л.И. "Тұлға және оның балалық шақтағы қалыптасуы", Мәскеу, Ред. "Ағарту", 2000.
3. Гурьев М.Е. "Әлеуметтік-психологиялық себептері мен ерекшеліктері балалар мен жасөспірімдердегі қорқыныш пен үрейдің көріністері". Жинақта: Іргелі және қолданбалы зерттеулер: мәселелері мен нәтижелері. - Новосибирск: ОЖЖ, №21, 2015.
4. Захаров А.И. "Балалық шақтағы невроздар мен психотерапияның пайда болуы". - Мәскеу, ЭКСМО-Пресс, 2000.
4. Мухина В.С. "Мектеп жасына дейінгі баланың психологиясы". - Мәскеу. Ред. "Ағарту", 2007.
5. "Балабақшадағы және отбасындағы балалардың қарым-қатынасы" / Астында. ред. Т.А. Репина, Р.Б. Стеркина. – Мәскеу, "Педагогика", 2000.
6. "6-7 жас аралығындағы балалардың психикалық дамуының ерекшеліктері" / Ред. Д.Б. Эльконин, Л.А. Венгер. Мәскеу. "Педагогика", 2006.

МЕН ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚ – ҰСТАЗДЫҚ

ҚАДЫР АЯУЛЫМ

Ақмола облысы, Көкшетау қаласы Ш.Уалиханов атындағы
Көкшетау мемлекеттік университетінің 2 курс студенті

Ғылыми жетекші: Абдрахманова С.А., гуманитарлық ғылымдар магистрі, лектор

*«Адамның адамгершілігі
жақсы ұстаздан»
Абай*

«Ұстаз - ұлылық емес, ұлы қызмет» деп Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай ұстаз болу бір елді тәрбиелеумен тең. Адам баласы бұл өмірге келгеннен, өмірден өткенше қандай да бір істі немесе мамандықты жете біліп игеруі қажет. Бесінші сыныптың бірінші партасында отырғанда, мұғалім менен «Ал, Аяулым, есейгенде сен кім боласың?» деп сұраған. Ойланбастан «Мұғалім боламын!» деп жауап бердім. Кейінірек, он бірінші сыныпта ҰБТ-ға дайындық басталғалы тұрғанда, мұғалім менен тағы да сұраған «Аяулым, қай мамандықты таңдадың?» деп, мұғалімнің көзіне қарап, лезде «Апай, мен мұғалім боламын» деп үн қаттым. Ия, мұғалім болу кішкентай кезімнен бастап, келе жатқан арманым еді. Мұғалімнің іс-әрекетіне, оқушыларға деген махаббатына, сабырлығына, көзқарасына, даналығына, төзімділігіне қарап тамсанатым едім. Жүрегімде бала шағымнан жанып тұрған от, есейгелі сөнбей, тек лаулай түсті. Үлкен өмірдің табалдырығын аттап, Шоқан Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетіне оқуға түстім. Шынында, оқуға түскенде өте қатты қобалжыған едім, өзімнің кішкентай мектеп атты өмірімнен, екінші ата-анам атанған мұғалімдермен қоштаса алмай жылағаным бар еді. Бірақ, үлкен өмірдің табалдырығын аттап, бірінші сабағыма барғанда, бар қорқынышым өз-өзімен жоқ болды. Себебі, алдымда тұрған оқушылар көзінен білім алушыларға деген сенімді және қолдауды көрдім. Осы бір мезеттен менің мамандығым мұғалім екеніне көзім жетті.

Мұғалім ұлы, қасиетті мәртебе, ол оқушылар үшін екінші ата-анасы атанып, мектебін үйге айналдырған, сондықтан мұғалім болу әркімнің қолынан келетін нәрсе емес, әрбір адам оны өз

мойынына арта алмас. Мұғалім біздің заманымыздағы көлеңкеде жасырылған, кішіпейіл батыр. Адамдар мұғалімнің алдынан өтіп, одан даналылығын өзіне сіңіріп, тұлға атанып, осы үлкен әлемнің бір кірпішіне айналады. «Сен де-бір кірпіш, дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп қазақтың бас ақыны Абай атамыз айтқандай, біздің әрбіріміз бұл дүниеде өз ісімізді тауып, өмір деген кітапта өз жолымызды жазуымыз керек.

Болашақ жастардың қолында, ал сол жастарды тәрбиелеп шығару мұғалімдердің қызметі екендігін есте сақтау қажет. Кез-келген адам мұғалім болуы мүмкін, бірақ сол атты сақтап қалу қиын. Себебі сен бір баланы емес, бір ұлтты тәрбиелеп жатқаныңды ұмытпауың керек. Жақсы ұстазға екі ғана нәрсе керек, оның бірі- терең білім болса, екіншісі – үлкен жүрек.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ



ҚАЛДЫБАЕВА АЙДАНА

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы

№ 110 мектеп-лицейі

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, магистр

Оқыту жүйесінде мұғалім - ең басты тұлға. Ұстаз - білген адамға ата-анадан кейінгі дүниеге көзін ашушы, білім, тәрбие беруші.

Қай елде, қай заманда болсын бала тәрбиесіне ерекше мән берілген. Өйткені, бала жеке адамның емес, ұлыс пен ұлттың ертені, келер ұрпаққа аманат. Ұрпақ— саналы өмірдің ең басты кепілі. Егемен еліміздің тірегі — білімді ұрпақ. Әсіресе, баланың эстетикалық -көркемдік талғамын ұштап, ұлттық тәрбие береміз.

Баламен тіл тауып оның бойына білім ұрығын себетін басты тұлға-ұстаз. Ұстазы білімді болса ғана, осы ұлы мақсатқа-егеменді, тәрбиесі тең елге айналуға мойын бұрамыз. Абай айтқандай «білімімен теңессе ғана ұлттар теңесе алады» Білім қалай теңеседі? Бұған бірден-бір жауап: әрине оқу-тоқу арқылы теңеседі.

Қазіргі уақытта барлық салада даму үздіксіз болуы қажет. Ұстаз беделі, ең алдымен, өзінің жеке басының қасиеттеріне, ұстаздық қабілетіне байланысты. Мұғалім мамандығы ертеден келе жатқан мамандықтардың бірі. Білімді таратушы болды. Мұғалімдердің жан-жақты білімді адамдар болуы тиіс. Ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім мектептің жүрегі дегені мәлім» Бала атаулыға ашық-жарқын қарап, мейірлене қарай білсек, оның пәк сезімінен шықсақ, сенім артар серік табарымызға күмән жоқ. Бүгінгі күні мектеп жасындағы балаларға жаңа технологияға сай, жаңа оқу бағдарламасымен білім беру өзекті мәселердің бірі болып табылады. Бірақ қандай да білім беру жүйесін алып қарасақ та оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту келелі із болып табылады. Мұғалімде терең де, жан-жақты білім болу керек. Балалардың ойлау қабілеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Оқу әрекеті баланың жалпы қабілетін дамытса, шығармашылық әрекеті нақты жағдай шешу барысында нәтижеге жеткізетін қабілеттерді дамытады. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатындағы болуы мүмкін.

Кез келген оқушы мұғалімнің басшылығымен орындаған шығармашылық жұмысының нәтижесіне өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Баланың қабілет мен талантын дамытуды неғұрлым ертерек бастасақ, соғұрлым оның қабілеті толық ашылуы мүмкін. Егер бала бойындағы қабілетті мұғалім байқамаса, ол бала оқушылармен бірдей болып қалады. Сондықтан қабілеттің дамуында түрткі бола білу керек. Осындай жұмыстар жүргізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты Жаңа технологияны жүзеге асыруда мұғалім белсенділігі, шығармашылық ізденісі ол мамандығына деген сүйіспеншілік алдындағы шәкірттер бағалауы ерекше орын алады. Әр оқушының жас ерекшелігіне қарап жеке

басын қадірлеу қағидасы да мұғалім ең бір жиі қолданылатын әдіс. Өйткені мұғалім өзі сыйлап тұрғаны оқушы мұғалімнің сөзіне, мінез-құлқына, әдебіне бірден байқап сезеді, және де өзін сол мұғалімдей ұстап үйренуге баули бастайды. Мұғалімдердің оқушылармен жұмыс жасау үшін олардың ақыл-ой дамуын, интелектісін, логикасын және оқушы тұлғасының сапалар қалыптастыру мен дамытудың психологиялық - педагогикалық қабілет мүмкіндіктерін зерттеп білу керек. Мұғалім қызметі шеберлік тұрғысынан да, шығармашылық тұрғысынан да оқушыларға өнеге болуы тиіс. Осы орайда әр ұстазға ізденуіне, шығармашылықпен айналысуға жоғары ахуал туғызып, ылтипат сезіммен қарым- қатынас жасау жолға қойылған. Мұғалімнің атқаратын әрекеті қарым-қатынасқа негізделеді. Сондықтан ол өз еңбегінде қарым-қатынасқа үлкен мән беруі тиіс. Балалармен қарым-қатынас жасауды психологиялық жолы оның жеке басының жай, күйіне жалпы психологиялық жағдайын өзінің жеке педагогикалық дербестігін ескеру. Педагогтік істің шебері болу кездей соқ нәрсе емес. Ол көптеген себептерге байланысты. Мұғалім ісінен орын алады.

Педагогикалық әрекеттегі шығармашылықтың тірегі, мұғалімнің білімділігі. Тек өз пәні ғана емес - жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгерген, терең де тиянақты білім иесі ғана оны мақсат керлікпен іске асыра алады, әрине бұл жерде қалыптан тыс ойлай алу қабілетінің рөлі жоғары. Ойлаудың бұл деңгейіне адам бұрын тәжірибеде кездеспеген әрекеттің жаңа түрімен айналысуы, әртүрлі ситуацияларды шешу, жаңадан жаңаны көру, тани білу арқылы жетеді. Мұны шығармашылық ойлау дейміз.

В.А.Сухомлинский: «Мұғалім өзінің жалпы білім деңгейін көрсету үшін өзін оқытатын пәнді терең білу, педагогикалық мәдениеті мен шеберлігін дамыту үшін өзін шәкірт ретінде ұстаса білім үстіне білім, дағдырына дағды қосып отырса, шәкірттердің ішінде оған еліктеушілер аз болмайды»- дейді.

Білім беру дегеніміз — ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске, еңбекке баулу, дүниетанымын кеңейту. Оқушының бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп, жетілдіру болып табылады.

Олай болса, баланың дұрыс білім алуы— ең алдымен ұстазға байланысты. Әрбір мұғалім өз ісіне жетік, теориялық біліммен жақсы қаруланған болса ғана балаларға жақсы өнеге, терең білім бере алады.

Ізденгіш мұғалім баланың білімін алуға деген қажеттілігін туғызу керек. Жаттанды дүниені қайталай бергеннен гөрі, шынайы ойланатын шығармашылыққа итермелейтін сабақтар өткізілуі шарт. Осындай оқыту ғана бала интелектісінің көзін ашып шығармашылығын дамытады. Сабақ үнемі жарысқа,сайысқа құрылса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артары даусыз. Оқушыларды ауызекі сөйлеуге/сұрақ-жауап түрінде/ дағдыландырған жөн. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс меңгерту, оның дыбыстық жүйесін қайталап, әр сабақты пысықтап отыру, жеке тапсырмалар беру сурет, кәртішке арқылы жұмыстар жүргізу баланың ойлау қабілетін арттырып, оқушыны өзіндік шығармашылық ізденіске жетелері сөзсіз. Сурет бойышпа әңгіме құрату, әңгімеге ат қойғызу, белгілі тақырып бойынша сұрақтарға жауап беру, сөзжұмбақ шешу сынды бірқатар жұмыстар оқушылардың білімдерін жетілдіріп ғана қоймай, оларды ұшқырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелері анық.

Сынып оқушыларының шығармашылық қызметінде қазақ тілі сабағындағы шығармашылық тапсырмаларды алатын орны ерекше. Олардың мақсаты - оқушылардың тақырыпты меңгеріп, қабылдауын қалыптастыру. Шығармашылық тапсырмаларды барлығы бір мақсатта жүзеге асырылады: ол оқушылардың шығармашылық жұмысы негізінде қоршаған дүниедегі құбылыстарды қабылдау дағдысын қалыптастыруға көмектесу болып табылады.

Әрбір сабақ өзіндік ерекшеліктерімен өлшенеді. Оқушыларға әрбір сабақты сапалы әрі саналы меңгерту үшін оқушылармен шығармашылық жұмыс жүргізудің мәні зор. Материалды толық меңгертіп, пәрменді тәрбие беру мұғалімнің ынта-ықыласына тіпті қабілетіне байланысты. Қазіргі кезде сабақты оқушыларға тек оқулық көлемінде ғана білім беріп, бірізділікпен оқытылып келе жатқаны бәрімізге аян. Осыдан келіп, оқушылардың пәнге деген ықыласы қызығушылығы төменгі дәрежесін көрсетеді. Оқушының белсенділігіне көңіл бөлінбейгіндігін, педагогикалық ситуациялар туғызылмайтындығын; негізгі құрал - оқулық болып, оқушылардың өз еркімен білімді меңгеруге кедергі келтірген осындай мәселелерден оқушылардың көпшілігі көп қиыншылықтарды басынан өткеруде.

Бірақ кез келген пәнді жақсы меңгерту үшін әр қилы әдіс-тәсілдерді қолдана отырып осы пәнге деген қызығушылығын арттыру мұғалімнің шеберлігіне келіп тіреледі.

Мектептегі басты тұлға - мұғалім. Мұғалімдер жұмысының қажырлы еңбегіне, шығармашылық

белсенділігіне мектеп реформасы игі әсерін тигізеді. Өз кәсіби сүйетін, шәкірттерін жақсы көретін - абыройы үшін күресу білетін әрбір ұстазды құрметтеген, ұлағатты ойдың, өнегелі істің, бағытты тұрмыстың ұйтқысы деп сыйлаған, үлкен де, кіші де құрметті. Мұғалімнің білімі өз ісіне сүйіспеншілігі, шығармашылық ізденімпаздығы көрінетін кәзеңі — сабақ үрдісі. Сабақ оқу-тәрбие үрдісінің ең басты, маңызды мәселе. Сабақтың тиімділігін арттыруда маңызды факторлары-теориялық материалды терең түсіндіре білу, оны практикалық - іс жүзінде іске асыру. Әр оқушымен жеке жұмыс оқушылардың өз бетінше ізденуі арқылы жүзеге асады. «Білім - негізі-сабақта демекші, әрбір сабақ үлкен дайындықпен ,жан жақты жұмыс түрлерімен ұштасып жатады. Әсіресе, әр сыныптағы тақырыптардың мазмұнына қарай, жас ерекшеліктеріне байланысты дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу оқушылардың белсенділігін, пәнге қызығушылығын арттырады. Көбіне, мұғалімдер әрбір тапсырманы оқушыларға дайын күйінде беруге тырысады да, тапсырманың мазмұнын оқушылардың ойлауына, оны өздігінен талдап түсінуіне аз көңіл бөледі.

Оқушылар өздігінен көп жұмыс жүргізулер керек.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру өте күрделі процесс. Ол біріншіден, мұғалімнің іс-тәжірибесі, шеберлігі мен біліміне қатысты болады.

Шебер мұғалім өз ісінің маманы деген сөз, сондықтан еңбектері жақсы нәтижеге жету үшін әр бір мұғалім білімін шыңдап шеберлікке жетуі тиіс. Қазіргі реформалардың талаптарына сай нақты тәрбиелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді шығармашыл, педагог - зерттеуші, ойшыл мұғалімді қажет етеді. Мұғалім оқушыларды білім жүйесімен , іскерлікпен, дағдымен қаруландырып қана қоймай , олардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамытады. Мұғалім ең алдымен бала жанының тамыршысы болуы тиіс. Бала жүрегінің пернелерін дәл тауып , оны ойната білу оңайлықпен келмейді. Бала жанының қобызшысы болып, оның жүрегіне жол тапқан ұстаз ғана «адамның диханы» бола алады. Сусыз тастық жерге дихан болу қандай қиын болса, «адамдық дихан» болу үлкен ізденіспен біліктілік арқылы ғана болмақ

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫ – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН БІРЛІК ЖЫЛЫ

БАЗЕЕВА ЖАНАРГУЛ КАНАТОВНА

**Ақтөбе қаласы
№53ЖББОМ КММ
Тарих пәні мұғалімі**

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы — бұл тек тарихтың ауыр беттерін еске алу ғана емес, сонымен бірге бейбітшілікті сақтау мен халықтар арасындағы бірлікті нығайтудың ерекше мүмкіндігі. Бұл Жеңіс көп қиындықпен, зор құрбандықпен келгені әлемге аян. Кенес халқы гитлерлік фашизмге қарсы қанды шайқаста 27 миллион азаматынан айырылды. 1418 күн мен түнге ұласқан қияпат қырғынның әр күні ғана емес, әр сағат, әр минуты мен секунды ажал оғын төгіп тұрды. Әрбір алты секундта бір адам, әр минут сайын он адам, әр сағатта 588 адам, әр тәулікте 14104 адам аранын ашқан ажалға тап болып, қыршынынан қиылып жатты.

Ел қорғауға аттанған азаматтардың дені 18-30 жастың арасындағы арыстар еді ғой. Ұлынан айрылған ата мен ана қасіреті, жарынан жесір қалған апалар мен жеңгелердің уыз махаббаты мен ыстық көз жасы, әкеден жаутандап жетім қалған ұл мен қыз қайғысы, асқар таудай ағаға арқа тірей алмай жерге қараған қарындас пен іні мұны, осының бәрі әлі күнге дейін көкіректі удай ашытып, жүрек сыздатар, жанарға жас үйіріп, бой мұздатар сұмдықтар. Иә, ол бір біздің еліміз үшін қасіреті де мол, халықтық қасиетімізге қатал сын да болған кезең еді. Адамзат тарихындағы ең ауыр, ең қырғын-қияпат осынау соғыста өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, ізгілік пен жауыздық, адамгершілік пен апаткершілік шешуші айқас аланына шықты. Біздің халқымыз барлық ауыртпалықты арқалай отырып, қанқұйлы фашизмді тас-талқан етіп күйретті; оның ордасын ойран етіп, шаңырағын опырып түсірді. Ал бүгінде айтуға оңай болғанмен, ол кезде тіпті де қиын еді. Біздің еліміз соғыс күші кем дегенде екі есе басым, жарты Еуропаны жаулау үстінде әскери-соғыс әдісі әбден жетіле түскен, жеңімпаздық желігі бойын кернеген, халық тілімен айтқанда, азу тісі балғадай жаумен айқасты. Біздің

бір жауынгерімізге дұшпанның екі баскесері, бір танкімізге төрт танкі, бір самолетімізге төрт самоләті жабылды.

Өткен ғасырдың ортасында дүниені дүр сілкіндірген бұл соғыс біздің ата-бабаларымыздың төзімділігі мен ерлігін, қайсарлығын танытты. Жеңіс үшін қаншама отбасылар қиылды, қаншама жастар майданда қаза болды. Сол ауыр күндерде халқымыз бірліктің, төзімділіктің, ерліктің үлгісін көрсетті. Әрбір қазақстандықтың жүрегінде сол кездегі ерліктер мен қиындықтар ешқашан ұмытылмайды.

Ұлы Отан соғысы әлем тарихындағы ұмытылмас жылнамаға айналды. Жеңіске жету жолында 40 миллион жуық адам өмірін қиып, адамзат аса қымбат құрбандыққа барды. Бұрынғы Кеңес Одағының халқы Жеңіске жету 1418 күн мен түнді сарп етті. Соғыс жылдарындай ерлік пен батылдық байқату бұрын-соңды ешқашан бұқаралық сипат алып көрген жоқ. Қазақстандық жауынгерлердің қаһармандық жолдары Ұлы Отан соғысының шежіресіне алтын әріппен жазылды.

1 млн. 366 мың қазақстандық жауынгерлер ұрыс даласының барлық майдандарында ерлікпен шайқасты. Көп ұлтты Қазақстанның өкілдері Мәскеу түбіндегі ұрысқа, Ленинградты, Сталинградты қорғауға, Курск иініндегі шайқасқа, Украинаны, Белоруссияны, Европаның Батыс және Оңтүстік Шығыс елдерін азат етуге, Берлинді шабуылмен алуға және Рейхстагтың төбесіне Қызыл Ту тігуге, сондай ақ Жапон милитаристерін талқандауға қатысты.

Фашизмді жеңуге ақтөбеліктердің елеулі үлестерін қосқаны сөзсіз. Біздің 120 мыңнан астам жерлестеріміз Ұлы Отан соғысының барлық майдандарында шайқасқанын білеміз. 41-ші жылдың аса қауіпті күндерінде Ақтөбеде полковник А.Ф. Наумовтың басқаруымен 312-атқыштар дивизиясы, подполковник С.Яковленконың басқаруымен 101-ші атқыштар бригадасы, полковник С. Лишенковтың басқаруымен 74-ші теңіз атқыштар бригадасы, подполковник П.Ермолаев пен майор Г.Бутиевтің басқаруымен 129-шы Молодечненск минометшілер полкі құрамалары мен бөлімдері құрылды.

Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ әйелінің қайсарлығы мен ерлігін әлемге танытқан Әлия Молдағұлова — 1925 жылы Ақтөбе облысында дүниеге келген. Қазақтың ұлы қызы, Кеңес Одағының батыры, жауынгер, Отан үшін күрестің нағыз ержүрек өкілі. Әлияның батырлығы туралы аңыздар ел арасында кеңінен тарады. Ол өзінің жаужүрек әрекеттерімен ғана емес, сонымен қатар қиын жағдайда дұрыс шешім қабылдау қабілетімен де ерекшеленді. Әлия бірқатар жауынгерлік тапсырмаларды абыроймен орындап, жау күштеріне қатты соққы берді. Оның дәлдігі мен ептілігі, жау жағын тез байқап, оны жоюдағы шеберлігі оны нағыз батырға айналдырды. Оның есімі тарихта мәңгі қалады.

Елімізде бомба жарылған жоқ. Алайда, тылды мыңдаған тармақтар майданмен тығыз байланыстырып тұрды. Тылда еңбек еткен әрбір адам – Ұлы Жеңістің шынайы қаһарманы. Соғыс майданында жаппай ерлік көрсеткен жауынгерлер ғана емес, тылда қажымай еңбек еткен қарапайым адамдар да өздерінің қайсарлығымен, еңбекқорлығымен ұлт үшін айрықша рөл атқарды. Олар, соғыстың ауыр жылдарында майданға қажетті азық-түлік пен оқ-дәрі, киім мен жабдықтар өндіру арқылы, қаншама жауынгердің өмірін сақтап қалуға септігін тигізді. Соғыс жылдарында майданға кеткен ер азаматтардың орнын толықтыру үшін тылда еңбек ететіндердің саны артты. Әйелдер мен балалар, қарттар мен мүгедектер де майдан үшін еңбек етті. Олар өздерінің жанкешті еңбегімен елдің экономикасын сақтап, жауынгерлерге арқау болды. Тылдағы еңбеккерлер әрдайым жеңістің артында тұрған батырлар еді. Олар, ер азаматтар майданда болғанда, елді сақтап, соғыс ауыртпалығын жеңуге көмектесті. Бүгінгі ұрпақ осындай батырлардың ерлігін әрқашан құрметтеп, олардың еңбегін бағалап өтуі тиіс.

Ұлы Отан соғысына ерлік шежіресі шексіз, оның соңғы беті болмақ емес, болмайды да. Кеңес халқының фашизмге қарсы қасиетті соғыс тақырыбы оқырман жүрегін әрқашан толғандыратын тақырып болғандықтан да көп оқылады.

Соғыс туралы оның от жалынын мәңгі өртегендер де мылқау өрттің кара түнегінде көз жасы көл болған аналарын ойлап, Жеңістің кәдірін түсініп өскендер де, тіпті әріпті енді тани бастаған бүгінгі бүлдіршіндер де қызыға оқиды. Соғыс туралы жазылған кітаптар ерлік, адалдық, өзін-өзі құрбан ету сияқты адамның ең асыл қасиеттерін өмірдің өшпес шындықтары арқылы көрсетеді. Өйткені қай ұрпақтың өкілі болса да нәсіліне, тіліне карамастан соғыс салған айықпас жара тартты. Уақыт өткен сайын соғыс туралы жаңа кітаптар жазыла беретіні күмәнсіз. Ұлы Отан соғысының жылдар тізбегі бізден алыстаған сайын оның мазмұны мен ұлылығы айқындала түседі.

Уақыт аяусыз дейміз... Әрине, бұған дау туғызу қиын. Оған дәлел бұрынғы майдан ардагерлерінің тірі қалғандарының қатары азайып келеді. Бірақ, біздің өмірімізде, біздің тарихымызда мәңгілік оқиғалар бар. Ол ұрпақ пен уақыттың тілсіз байланысы. Сондай оқиғалардың бірі Кеңес халқының Ұлы Отан соғысындағы жеңісі.

ЗНАКИ ПРЕПИНАНИЯ И ЗНАЧЕНИЕ В ОБУЧЕНИИ

**Мугалжарский район Город Кандыагаш
Кандыагашская городская общеобразовательная средняя школа #4
Учитель: ОРЫНБАЕВА АЙГУЛЬ САБЫРХАНОВНА
Предмет: Русский язык и литература**

Языковой материал обеспечивает формирование у младших школьников первоначальных представлений о системе и структуре русского языка с учётом возрастных особенностей младших школьников, а также способствует усвоению ими норм русского литературного языка. Изучение орфографии и пунктуации, а также развитие устной и письменной речи учащихся служит решению практических задач общения и формирует навыки, определяющие культурный уровень учащихся.

Программа направлена на формирование у младших школьников представлений о языке как явлении национальной культуры и основном средстве человеческого общения, на осознание ими значения русского языка как языка межнационального общения.

В программе выделен раздел «Виды речевой деятельности». Его содержание обеспечивает ориентацию младших школьников в целях, задачах, средствах и значении различных видов речевой деятельности (слушания, говорения, чтения и письма). Развитие и совершенствование всех видов речевой деятельности заложит основы для овладения устной и письменной формами языка, культурой речи. Учащиеся научатся адекватно воспринимать звучащую и письменную речь, анализировать свою и оценивать чужую речь, создавать собственные монологические устные высказывания и письменные тексты в соответствии с задачами коммуникации. Включение данного раздела в программу усиливает внимание к формированию коммуникативных умений и навыков, актуальных для практики общения младших школьников.

Содержание систематического курса русского языка представлено в программе как совокупность понятий, правил, сведений, взаимодействующих между собой, отражающих реально существующую внутреннюю взаимосвязь всех сторон языка: фонетической, лексической, словообразовательной и грамматической (морфологической и синтаксической).

Знакомясь с единицами языка разных уровней, учащиеся усваивают их роль, функции, а также связи и отношения, существующие в системе языка и речи. Усвоение морфологической и синтаксической структуры языка, правил строения слова и предложения, графической формы букв осуществляется на основе формирования символическо-моделирующих учебных действий с языковыми единицами. Через овладение языком — его лексикой, фразеологией, фонетикой и графикой, богатейшей словообразовательной системой, его грамматикой, разнообразием синтаксических структур — формируется собственная языковая способность ученика, осуществляется становление личности.

Значимое место в программе отводится темам «Текст», «Предложение и словосочетание». Они наиболее явственно обеспечивают формирование и развитие коммуникативно-речевой компетенции учащихся. Работа над текстом предусматривает формирование речевых умений и овладение речеведческими сведениями и знаниями по языку, что создаст действенную основу для обучения школьников созданию текстов по образцу (изложение), собственных текстов разного типа (текст-повествование, текст-описание, текст-рассуждение) и жанра с учётом замысла, адресата и ситуации общения, соблюдению норм построения текста (логичность, последовательность, связность, соответствие теме и главной мысли и др.), развитию умений, связанных с оценкой и самооценкой выполненной учеником творческой работы.

Работа над предложением и словосочетанием направлена на обучение учащихся нормам построения и образования предложений, на развитие умений пользоваться предложениями в устной и

письменной речи, на обеспечение понимания содержания и структуры предложений в чужой речи. На синтаксической основе школьники осваивают нормы произношения, процессы словоизменения, формируются грамматические умения, орфографические и речевые навыки.

Программа предусматривает формирование у младших школьников представлений о лексике русского языка. Освоение знаний о лексике способствует пониманию материальной природы языкового знака (слова как единства звучания и значения); осмыслению роли слова в выражении мыслей, чувств, эмоций; осознанию словарного богатства русского языка и эстетической функции родного слова; овладению умением выбора лексических средств в зависимости от цели, темы, основной мысли, адресата, ситуаций и условий общения; осознанию необходимости пополнять и обогащать собственный словарный запас как показатель интеллектуального и речевого развития личности.

Серьёзное внимание уделяется в программе формированию фонетико-графических представлений о звуках и буквах русского языка. Чёткое представление звуковой и графической формы важно для формирования всех видов речевой деятельности: аудирования, говорения, чтения и письма.

Важная роль отводится формированию представлений о грамматических понятиях: словообразовательных, морфологических, синтаксических. Усвоение грамматических понятий становится процессом умственного и речевого развития: у школьников развиваются интеллектуальные умения анализа, синтеза, сравнения, сопоставления, классификации, обобщения, что служит основой для дальнейшего формирования общеучебных, логических и познавательных (символично-моделирующих) универсальных действий с языковыми единицами.

Программа предусматривает изучение орфографии и пунктуации на основе формирования универсальных учебных действий. Сформированность умений различать части речи и значимые части слова, обнаруживать орфограмму, различать её тип, соотносить орфограмму с определённым правилом, выполнять действие по правилу, осуществлять орфографический самоконтроль является основой грамотного, безошибочного письма.

Содержание программы является основой для овладения учащимися приёмами активного анализа и синтеза (применительно к изучаемым единицам языка и речи), сопоставления, нахождения сходств и различий, дедукции и индукции, группировки, абстрагирования, систематизации, что, несомненно, способствует умственному и речевому развитию. На этой основе развивается потребность в постижении языка и речи как предмета изучения, выработке осмысленного отношения к употреблению в речи основных единиц языка.

Программой предусмотрено целенаправленное формирование первичных навыков работы с информацией. В ходе освоения русского языка формируются умения, связанные с информационной культурой: читать, писать, эффективно работать с учебной книгой, пользоваться лингвистическими словарями и справочниками. Школьники будут работать с информацией, представленной в разных форматах (текст, рисунок, таблица, схема, модель слова, памятка). Они научатся анализировать, оценивать, преобразовывать и представлять полученную информацию, а также создавать новые информационные объекты: сообщения, отзывы, письма, поздравительные открытки, небольшие сочинения, сборники творческих работ, классную газету и др.

Программа предполагает организацию проектной деятельности, которая способствует включению учащихся в активный познавательный процесс. Проектная деятельность позволяет закрепить, расширить, углубить полученные на уроках знания, создаёт условия для творческого развития детей, формирования позитивной самооценки, навыков совместной деятельности со взрослыми и сверстниками, умений сотрудничать друг с другом, совместно планировать свои действия, вести поиск и систематизировать нужную информацию.

БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНЫ БАР ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

ТАРГЫНОВА АКТҰЛ ЕСЕНБАЕВНА
№4 Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектебі
Биология пәні мұғалімі

Ғылыми-техникалық прогрестің жедел даму барысында, қоғам мен табиғаттың қарым-қатынас мәселесіндегі күрделі шиеленістерді дұрыс шеше білу, бүкіл жер шарының болашағын, әрбір азаматтың өмірін сақтауға мүмкіндік туады. Өйткені, өндірістің дамуы барысында табиғи қорлардың дағдарысқа ұшырауына, қоршаған табиғи ортаның ластануына себепші болып, жаңа дағдарыстардың туындауына ұйытқы болды.

Табиғат әлемі адамдардың тіршілік ету ортасы. Ал, адамдар табиғатсыз өмір сүре алмайды. Соңғы жылдардағы мемлекеттік жоспарларды орындау, өндірісті өркендету негізгі міндет болып, табиғатты (ауаны, суды, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін) қорғап, ядролық жарылыстар, табиғат байлықтарын орынсыз пайдалану, табиғатты ауруға ұшыратты. Жұтатын ауамыз, ішетін суымыз, жейтін тамағымыздың құрамында улы заттар көбейді. Заводтардан шығатын қалдықтар сүзгіден дұрыс өткізбестен ауаға таралып, осының нәтижесінде өкпе, рак, жүрек, психикалық аурулар саны көбейіп барады. Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, аурулардың 80-90% ішетін ас суынан және жұтатын ауадан туындап отырғаны көрінеді.

Ғылыми-техникалық прогрестің өркендеуі, адамдардың шаруашылық іс-әрекетінің дамуы артып, өндірістің өсуіне қарай табиғаттан алынатын шикізат пен өндіріс қалдықтарының көлемі арытып, айналадағы ортаны бүлдіруде. Қазіргі кезде табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынасты дұрыс жолға қойып, табиғат байлықтарын, көздің қарашығындай сақтап, оны үнемдеп пайдалануда.

Соңғы XX ғасырдың екінші жартысында адам баласынан алдынан шыққан, табиғатты қорғау мәселесі, жастарды соған сай оқыту мен тәрбиелеудің қажеттілігі туып, экологиялық мәселелер қазір әлемде өзінің қоғамдық мәні жоғалған алдыңғы қатардағы мәселенің біріне айналды. Сондықтан жас ұрпаққа экологиялық білім мен тәрбие беру бүгінгі күн тәртібіндегі бірден-бір қажетті кезек күттірмес екендігі 1991 жылғы «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері тұжырымдамасында» және 1992 жылғы «Қазақстан Республикасының білім беру туралы» заңында, 1996 жылғы «Қазақстан Республикасы экологиялық қауіпсіздігінің тұжырымдамасында» көрсетілген. Қазақстан Республикасының Конституциясының 6-шы бабы жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттің меншігі екендігі, олардың мемлекет қорғауында болатындығын мәлімдейді, осы конституцияның 38-ші бабы Қазақстан Республикасының азаматтарына табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндеттейді.

Қазақстан Республикасының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңының 89 бабының әрқайсысы еліміздің болашағын экологиялық жағынан қамтамасыз ету шараларына арналады. Заңда басқа салалармен қатар педагогикалық жағынан шешілуі тиісті міндеттер белгіленіп, экологиялық тәрбие мен білім берудің жалпыға бірдей және үздіксіз жүргізілуі қажеттілігі көрсетіледі.

Өйткені табиғатты аялау, соның негізінде имандылыққа, ізгілікке баулу бала тәрбиесіндегі ұлттық тамырдан нәр алады, яғни, экологиялық ой-тұжырымдар баланың қоршаған табиғат ортасымен және өмір сүріп отырған қоғамындағы қалыптасқан ғылыми ұғым түсініктерімен байланыстырса, соғұрлым өз туған жерін, елін қорғауға тәрбиелейтіндігін ашып көрсеткен.

Табиғат арқылы балалардың имандылық сезімдерінің алғашқы нышандарын педагогикалық құндылығын қалыптастыру жайлы Коменский ескерткен.

Табиғаттың сұлу көріністері арқылы жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерін табиғатты қорғау, сүю сезімдерін тәрбиелеу туралы қазақ халқының ағартушылары мен зиялы қоғам қайраткерлері Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев,

Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев еңбектерінде көп көңіл бөлінген. Ұлы Абай өз өлеңінде табиғат пен адам өмірін, тіршілігін, ажырамайтын, бөліп қарастыруға келмейтін біртұтас дүние ретінде қарастырған.

Белгілі педагог-психолог Жүсіпбек Аймауытов балаға ең қымбат, ең жақын туған жері, туған

жерінің табиғаты, оның құбылыстарын білу өте қызық. Мұндай оқыту жүйесі өмірге, табиғатқа теңеу мазмұнының берік, баланың санасын жандандырып, төңіректегі әлемге терең көзбен қарауға үйретеді.

Ғылыми-техникалық прогрестің өркендеуі адамдардың табиғатқа жасаған бір жақты қарым-қатынасымен табиғат заңдылықтарымен сипаттайды, салдарынан, табиғаттың экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы, экологиялық дағдарыстың болу себептерін Е.Мамбетқазиев, Е.Қонақбаев, Ю.Жданов т.б. өз еңбектерінде атап өткен.

Экологиялық білім мен тәрбие беру мәселесі жөнінде Ә.Е. Бейсенова, Ә. Бірмағамбетов, Х. Жүнісова, Ж.Б. Шілдебаев т.б. еңбектерінде жазылған.

Табиғат қорғауға байланысты конференциялар ұйымдастырылып шығарылды. Алғашқы рет мектептер мен орта арнаулы жоғарғы оқу орындары үшін эколог мамандар дайындау туралы тұжырымдама жасалынды. Осының нәтижесінде Алматы, Өскемен, Шымкент, Семей, Атырау, Ақтау университетінде экологиядан мамандар дайындайтын бөлімдер ашылды.

Елімізде тұңғыш рет (1987 жылы) эколог мамандар дайындау мәселесін көтеріп, экологиялық білім мен тәрбие берудің тұжырымдамасын жасаған географ-ғалым Ә.С. Бейсеновның еңбегі айрықша болды.

Қазіргі таңда экологиялық проблемалардың зардаптық көлемі ұлғаюына байланысты жас ұрпақтың экологиялық көзқарасын қалыптастыру деп отырмын. Ол үшін оқушылардың экологиялық білімді игеруі мектептегі оқу-тәрбие жұмысында екі түрлі бағытта жүргізілетіні анықталып отыр.

Біріншіден сабақ оқытудың барысында экологиялық мәселелердің бір-бірімен байланыстырылған ғылыми негізінде қабылдаса, екіншіден сыныптан тыс уақытта жүргізілетін тәрбие жұмыстары нәтижесінде, олар табиғат пен қайта түлеген ортаға тиімді ету жөніндегі нақты білім мен практикалық тәжірибені, іскерлік пен дағдыны меңгереді. Сондықтан экологиялық білім беруге әр түрлі әдістерді пайдаланамыз: олар табиғатқа экскурсия, экологиялық үйірме, факультативтік сабақтар және сыныптан тыс тәрбие жұмыстары: экологиялық білім беру және тәрбиелеудің мақсаты мектеп оқушыларының қоршаған ортаның жай күйі үшін азаматтық борышын қалыптастыруды қамтамасыз ететін ғылыми білім, шеберлік, көзқарас пен сенім жүйесін орнықтыру болып табылады.

Сыныптан тыс жұмыстарда оқушылардың экологиялық білімдері мен біліктерін қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, оның жалпы кәсіби білімі мен сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру қабілетіне байланысты. Осының бәрі бір-бірімен үйлесімді жүруі оқушылардың экологиялық білімдерінің дамуына жол ашады.

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, сыныптан тыс жүргізілетін экологиялық жұмыстардың басты міндеттері:

1. Оқушылардың экологиялық білімдерін дамытып, оқу іс-әрекетінде белсенділіктерін арттыру, яғни, бағдарлама бойынша берілген экологиялық материалдарды тең меңгеруіне көмектеседі.

2. Сыныптан тыс экологиялық жұмыстар өткізу және оған дайындық барысында оқушылардың бақылау жүргізуіне, қарапайым тәжірибелер қоя білуіне, белгіленген әдебиеттерді оқуына мүмкіндік берді.

3. Сыныптан тыс жұмыстар практикалық процесте оқушылардың іскерлігін арттыру бағытында жүргізілетіндіктен экологиялық білім мен тәрбие беруде олардың табиғатты аялауға, қорғауға, имандылыққа, сезімталдыққа тәрбиелеу.

Сыныптан тыс экологиялық жұмыстардың алуан түрлері бар, бірақ олардың әрқайсысының өзінің ерекшеліктері бола тұрса да, бір мақсаттылыққа жұптасып ортақ талаптарды іске асырады.

1. Сыныптан тыс жұмыстардың түрлеріне қарай оқушыларды қалыптастыру тек қана ерікті болуы тиіс.

2. Қандай да жұмыстың түрі болса да, оның қоғамдық және қолданбалы бағыты болуы керек.

3. Сыныптан тыс және мектептен тыс жүргізілетін экологиялық жұмыс түрлерін анықтағанда оқушылардың ынта-ықыласына, талабына, бейім-қабілеттеріне мен құштарлығына сүйенген жөн.

Сабақ мазмұндары мектеп бағдарламасында шектеулі болуына байланысты күнделікті өмірде болып жатқан ғалми техникалық, экологиялық өзгерістерді кеңінен қамти алмайды.

ӨСІМДІКТЕРДІҢ САНАЛУАНДЫҒЫНА АДАМ ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ?








АЙТЖАНОВА АККУМИС ИЗБАСКАНОВНА




бастауыш сынып мұғалімі



Ақтөбе қаласы

№ 61 ЖББОМ

| | | | | |
|--|---------------------------|---|----------------|------------------|
| Білім беру ұйымының атауы | | | | |
| Пәні: | | Жаратылыстану НИШ | | |
| Бөлім: | | Өсімдіктер | | |
| Педагогтің аты-жөні: | | | | |
| Күні: | | | | |
| Сынып: | | 3 | | |
| Сабақтың тақырыбы: | | №3 сабақ. Өсімдіктің саналуандығына адам қалай әсер етеді? | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты: | | 3.2.1.4 - адамның іс-әрекеттерінің өсімдіктердің саналуандығына әсерін түсіндіру; 3.1.2.1 - ақпарат көзінің түрлерін, артықшылығы мен кемшілігін анықтау | | |
| Сабақтың мақсаты: | | Адамның өсімдік тіршілігіне жасайтын ықпалын түсіндіреді | | |
| Құндылықтар: Қыркүйек айы: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік | | Сабақ құндылығы: Адам өміріндегі, отбасындағы, қоғамдағы еңбектің құндылығын түсіну Түрлі мамандықтарға қызығушылық таныту Апта дәйексөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» /Абай/ | | |
| Сабақтың барысы | | | | |
| Сабақтың кезеңі// Уақыты 30 минут | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |

| | | | | |
|--|--|--|--|---|
| <p>Сабақтың басы 3 минут</p> | <p>Психологиялық ахуалды жақсарту</p> <div data-bbox="304 280 699 504" style="border: 1px solid black; padding: 5px;"> <p style="text-align: center; color: red;">Психологиялық ахуал қалыптастыру.</p>  <p style="text-align: center;">Қуан, шаттан, Қуан, шаттан, Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң достым, Қайырлы күн достарым.</p> </div> | <p>Өлеңді хормен оқып, бір-біріне сәттілік тілейді</p> | <p>Мақтап, мадақтап отыру Тамаша! «Банкомат» әдісі</p>  | <p>Суреттер</p> |
| <p>Өткенді пысықтау 5 минут</p> | <p>Өткенді пысықтау 4-тапсырма «Сипаттамасын тап» айдары Суреттерге қарап, мәтіннен әр өсімдіктің тіршілік ортасы туралы сөйлемді тауып оқы. Олар туралы мәліметтер тауып кел.</p> | <p>Үй тапсырмасын айтады</p> | <p>Дескриптор: Өтілген тақырыптарды біледі-16 Сұрақтарға нақты жауап береді-16</p> | <p>Суреттер</p>  |
| <p>Сабақтың ортасы 20 минут</p> | <p>Жаңа тақырып 1-тапсырма Топтық жұмыс 1-топ «Себебін ата» айдары «Проблемалық сұрақ» әдісі Егерде өсімдік ылғалды артығымен не жылуды азырақ алса, бірлестікте қандай өзгеріс болады? Үлгі жауап: Ылғал артық болса өсімдік өледі. 2-топ Көл қалайша орманға айналады? Ж: Көл құрғай бастағанда өсімдіктер ауыса бастайды</p> | <p>Тапсырмаларды орындайды</p> | <p>Дескриптор: Өсімдіктер бірлестіктерінің өзгеру себебін біледі-16</p>  |  |
| <p>Сергіту сәті 2 минут</p> | <p>Жұптық жұмыс 2-тапсырма «Түсіндір» айдары Көлдің орнына саябақ қалай пайда болады? Бұл табиғи өзгеріс па, жоқ басқаша ма? Түсіндір</p> | <p>Өз ойын айтады</p> | <p>Дескриптор: Адам қолымен өзгерген өсімдік бірлестіктері туралы айтады-16 Табиғаттағы өзгерістерді біледі-16</p>  |  |
| <p>Сергіту сәті 2 минут</p> | <p>Сергіту сәті «Көңілді сергіту» әдісі Бейнебаян арқылы жаттығу жасату</p> | <p>Жаттығу жасайды</p> | <p>Дескриптор: «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы: Адам өміріндегі, отбасындағы, қоғамдағы еңбектің құндылығын түсіну ФС тапсырмасы 3-тапсырма</p> | <p>Көңілді сергіту жаттығуы https://www.youtube.com/watch?v=oKJ_RaIXZKg</p> |
| <p>Сабақт</p> | <p>3-тапсырма</p> | <p></p> | <p></p> | <p></p> |

| | | | | |
|--|--|--|---|---|
| <p>ы қорыту 5 минут</p> <p>Кері байланыс 5 минут</p> | <p>«Суреттерді сипатта» айдары Адамның іс-әрекеті өсімдіктерге қалай әсер етеді? Суреттерді пайдаланып, адамның өсімдік саны мен түрінің өзгеруіне тигізер әсерін сипатта.</p> <p>ЕБҚ «Пайымда» айдары Суретке қара. Суреттегі жағдай өсімдіктің саналуандығына қалай әсер етеді? Ж: Улы газдар өсімдікті өлтіреді</p> <p>ЕҚБ Өсімдіктерді қорғау шаралары туралы не білесің? «Қызыл кітап» туралы білесің бе? Өз көзіңмен көріп жүрген іс-шаралар туралы айт.</p> <p>Үй тапсырмасы 4-тапсырма Зерттеу сұрақтарына жауап ізде. Өсімдіктердің саналуандығын сақтауға үлесінді қалай қосасың? Зерттеу жоспары бойынша әңгімелеуге дайындалып кел.</p> <p>Кері байланыс</p>  | <p>Оқулықпен жұмыс жасайды</p> <p>Жеке жұмыс жасайды</p> <p>Жеке жұмыс жасайды</p> <p>Үй тапсырмасын алады</p> <p>Кері байланыс береді</p> | <p>Дескриптор: Адамның іс-әрекеті өсімдіктерге қалай әсер ететінін біледі-1б</p> <p>Тамаша!</p>  <p>Тамаша!</p> <p>«Тик Ток» әдісі</p> | <p>Оқу құралдары</p>  <p>Кері байланыс тақтасы</p> |
|--|--|--|---|---|



ОҚУШЫЛАРДЫ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНЕ БАУЛУ ЖОЛДАРЫ

АЛМАНБЕТОВА ДАРЬЯ НУРТАЕВНА

Бастауыш сынып мұғалімі

Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

№ 3 Қарымбай Қошмамбетов атындағы орта мектебі

Қазіргі таңда жас ұрпақтың тіл мәдениетін қалыптастыру – мектептің басты міндеттерінің бірі. Сөйлеу мәдениеті – тұлғаның ойлау қабілетімен, сөздік қорының байлығымен, әдеп пен әдет-ғұрпымен тығыз байланысты. Әсіресе бастауыш сынып кезеңінде оқушылардың дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру аса маңызды.

Сөйлеу мәдениеті – тек қана дұрыс сөйлеу емес, сонымен бірге әңгімелесушіні тыңдай білу, ойын жүйелі жеткізу, әдеби тіл нормасын сақтау, әдептілік пен сыпайылықты меңгеру. Бұл қасиеттерді балаға ерте жастан дарыту оның болашақта қоғамда өзін еркін, сауатты әрі мәдениетті тұлға ретінде көрсетуіне ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушыларын сөйлеу мәдениетіне баулудың негізгі жолдары

- Мәнерлеп оқу дағдыларын дамыту
- Оқушыларға өлең, ертегі, әңгіме мәтіндерін дұрыс дауыс ырғағымен оқыту;
- Тыңдағанын қысқаша мазмұндап айтып беру;
- Кейіпкерлердің сөзін әсерлі жеткізуге машықтандыру.
- Сөздік қорын байыту
- Жаңа сөздермен таныстыру және оны сөйлемде қолдануға үйрету;
- Сөзжұмбақ, ребус, ойын түрлерін пайдалану;
- Қазақ халқының мақал-мәтелдерін, қанатты сөздерін қолдану.
- Диалог пен монологтық сөйлеуді дамыту
- Жұптық және топтық жұмыстарда оқушыларға еркін сөйлеу мүмкіндігін беру;
- Белгілі бір тақырыпта әңгіме құрастыруға баулу;
- «Ертегі жалғастыр», «Сұхбат құра» сияқты тапсырмалар орындау.
- Әдеби тіл нормасын сақтауға үйрету
- Қарапайым сөйлемдерден бастап күрделі сөйлемдер құрату;
- Диалект сөздерден аулақ болуды ескерту;
- Дұрыс дыбыстауға, орфоэпияға көңіл бөлу.
- Тәрбиелік мәні бар жұмыстар жүргізу
- Сөйлеу барысында әдепті сөздерді қолдануға дағдыландыру («рахмет», «өтінемін», «кешіріңіз» т.б.);
- Сыныптағы пікірталастарда өз ойын мәдениетті түрде жеткізуге үйрету;

Практикалық жұмыстар

- «Көршіңе әңгімелеп бер» ойыны – балаға қысқа мәтінді тыңдап, оны жанындағы оқушыға өз сөзімен жеткізу тапсырылады.
- Рөлдік ойындар – дүкенде, қонақта, дәрігер қабылдауында сөйлеу үлгілерін сахналау.
- «Сөз сапта» жаттығуы – берілген сөздерден жүйелі сөйлем құрату.
- «Әдепті сөздер банкісі» – сыпайы сөздерді жинақтап, күнделікті өмірде қолдануға баулу.

Оқушыларды сөйлеу мәдениетіне баулу – жүйелі жұмысты қажет ететін үдеріс. Мұғалімнің басты міндеті – балаға сөздің құдіретін ұғындыру, ойын еркін, сауатты жеткізе білуге үйрету. Бастауыштан бастап қалыптасқан сөйлеу мәдениеті – оқушының рухани дамуының, ұлттық құндылықтарға деген құрметінің және болашақтағы табысты өмірінің кепілі.

Оқушының сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда мұғалімнің орны ерекше. Себебі бала ең алдымен ұстаздың сөйлеу мәнеріне, сөз саптауына, қарым-қатынасына еліктейді. Сондықтан мұғалім әрқашан үлгі болуы тиіс.

Мұғалімнің басты міндеттері:

1. Үлгі көрсету – таза, анық, әдеби тілмен сөйлеу;

2. Ынталандыру – оқушының ойын еркін жеткізуіне жағдай жасау, қателіктерін түзетіп, қолдау көрсету;

3. Шығармашылыққа жетелеу – шағын әңгіме, эссе жазуға, сахналық қойылымдарға тарту;

4. Әлеуметтік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру – пікірталас, сұхбат, пікір алмасу әдістерін қолдану.

Тиімді әдістер:

- «Ыстық орындық» әдісі – бір оқушы алға шығып, тақырыпқа қатысты сұрақтарға жауап береді;

- «Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі – оқушылар алдымен жеке ойлап, кейін жұбымен, соңында сыныппен пікірін бөліседі;

- Сұхбат алу және беру – белгілі бір тақырып бойынша оқушылар бір-бірінен сұхбат алып, мәдениетті сөйлеуге дағдыланады;

- Әдеби шығармаларды инсценировка жасау – көркем шығармаларды сахналау арқылы мәнерлі сөйлеу, дауыс ырғағын сақтау, әдепті қарым-қатынасты меңгеру.

Оқушының сөйлеу мәдениетін қалыптастыру тек мектептің ғана емес, ата-ананың да басты міндеті. Бала күнделікті ортада қандай сөз естіп, қандай қарым-қатынас үлгісін көрсе, сол дағды оның сөйлеу мәдениетіне әсер етеді. Сондықтан ата-анамен бірлескен жұмыс үлкен нәтиже береді.

Ата-ананың атқаратын рөлі:

1. Үйде дұрыс тілдік орта құру – балаға дөрекі, бейәдеп сөз айтпау, әдеби тілде сөйлеуге мән беру;

2. Балаға уақыт бөлу – күн сайын әңгімелесіп, оның ойын тыңдап, еркін сөйлеуіне жағдай жасау;

3. Кітап оқуға баулу – шағын әңгіме, ертегі, өлеңдерді бірге оқып, мазмұнын талқылау;

4. Тәрбиелік сөздерге үйрету – «рахмет», «кешіріңіз», «өтінемін» сияқты мәдениетті сөздерді қолдануға дағдыландыру.

Мұғалім мен ата-ананың ынтымақтастығы:

- Ата-аналар жиналысында сөйлеу мәдениеті жайлы кеңестер беру;

- Үй тапсырмасын орындауда ата-ананың көмегін тиімді пайдалану;

- Бірлескен іс-шаралар (отбасылық сайыс, ертегі кеші, мәнерлеп оқу байқауы) ұйымдастыру.

Бастауыш сынып оқушысын сөйлеу мәдениетіне баулу – үздіксіз әрі жүйелі жүргізілетін жұмыс. Бұл бағыттағы ең басты міндет – баланың тіл байлығын арттырып қана қоймай, оны әдепмен, сыпайылықпен қолдана білуге үйрету. Мектеп пен отбасының бірлескен іс-әрекеті, мұғалімнің кәсіби шеберлігі және оқушының ынтасы – сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың негізгі шарттары.

Сөйлеу мәдениеті дамыған оқушы өз ойын анық жеткізіп қана қоймай, тыңдаушысын құрметтеп, әңгімелесуде әдеп сақтайды. Бұл қасиет балаға тек білім алуда ғана емес, өмірлік қарым-қатынаста да үлкен пайдасын тигізеді. Сондықтан әрбір ұстаздың міндеті – жас ұрпаққа сөз құдіретін сезіндіру, мәдениетті сөйлеуге баулу және болашақта саналы да салиқалы азамат тәрбиелеу.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Әбдіғалиева Қ. Сөйлеу мәдениеті негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
2. Жұбанова М. Бастауыш сыныпта оқушылардың тілін дамыту әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2020.
3. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2018.
4. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 2000.
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2021.
6. Хасанова С. Баланың сөйлеуін дамыту жолдары. – Алматы: Мектеп, 2017.
7. Интернет ресурстар: www.nao.kz

МАЗМҰНЫ

- ТУНГУШБАЕВА МАРИНА АКИЛБЕКОВНА
- ЕСЕКЕЕВА ЖАДЫРА АЛМАСҚЫЗЫ
- КАЗТУРГАНОВА БАЙРАМГУЛ БАЙМУРАТОВНА
- НАЗАРОВА ГУЛЬЗИРА ИБАДУЛЛОВНА
- КАРАЕВА ЫРЫСГУЛЬ МУХАТОВНА
- ЖАКСЫЛЫКОВА АЛТЫН ТЕМИРЖАНОВНА
- ФАЙЗИЕВ САПАРҒАЛИ КЕНДЕБАЙҰЛЫ
- ИСМАГАМБЕТОВА ГУЛЬНАРА УТЖАНОВНА
- УСТЕНОВА УЛЖАРХИН ЖУРАБЕКОВНА
- ЖУНУСОВА САУЛЕ ГУБАШЕВНА
- РАХЫМ АРАЙГУЛ ТЛЕГЕНҚЫЗЫ
- АБДРАСИЛОВА ПЕРИЗАТ
- БЕРДІҚҰЛОВА ГҮЛЗАТ БАЛҚЫБЕКҚЫЗЫ
- ТУРДЫКУЛОВА КУЛИМХАН САБЫРОВНА
- ҚАДЫР АЯУЛЫМ
- ҚАЛДЫБАЕВА АЙДАНА
- БАЗЕЕВА ЖАНАРГУЛ КАНАТОВНА
- ОРЫНБАЕВА АЙГУЛЬ САБЫРХАНОВНА
- ТАРГЫНОВА АКГУЛ ЕСЕНБАЕВНА
- АЙТЖАНОВА АККУМИС ИЗБАСКАНОВНА
- АЛМАНБЕТОВА ДАРҒА НУРТАЕВНА